



СЕРІКТЕСТІК – СЕРПІНДІ ДАМУ КЕПІЛІ

Жаһандағы геосаяси ахуал күн сайын құбылып, шиеленіс көбейіп келе жатқан соқтықпалы сәтте Қазақстанның мәңгілік мүддесі – ел тыныштығы мен тұрақты даму болса керек. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыртқы саясатқа байланысты ұстанымы да осы мүдде төңірегінде өрілетініне көптің көзі баяғыда-ақ жеткен. Мемлекет басшысының соңғы аптадағы жұмыс кестесіндегі кездесулер мен қабылдаулар да бұл бағыттан айнамады. Президент апта соңында Қазақстан ғана емес, күллі Еуразия кеңістігі үшін маңызды саналатын саммитке қатысты. Самарқандқа ат басын тіреген Мемлекет басшысы «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитінде сөз сөйледі.

Жалпы, Қазақстан мен Орталық Азияның әлем саясаты үшін периферия емес, маңызды геосаяси, экономикалық, көлік-логистикалық һәм экологиялық орталықтардың біріне айнала бастады. Қазір С5+ форматындағы кездесулер, саммиттер жиілей бастады. Қазақстан мен Орталық Азия елдеріне Еуропа Одағының да, АҚШ-тың да, Қытайдың да, Жапонияның да, ислам әлемінің де, өзгенің де ерекше назары ауып тұр. Самарқандта өткен саммит соның тағы бір көрінісі. Осы жолы көне шаһарға еуропалықтар ат басын тіреді.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо қатысқан саммитте сөз сөйлеген Қасым-Жомарт Кемелұлы геосаяси дүрбелендер мен жаһандық сын-қатерлер белең алған кезеңде Орталық Азия мен Еуропа Одағы арасындағы ықпалдастықтың өзектілігі арта түскеніне назар аударды.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ТРАНЗИТ ТОРАБЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мен Еуропа Одағының келешектегі күн тәртібіне қатысты өз ойын ортаға салды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды

нығайтуға баса мән берген жөн деп санайтынын айтты. Оның сөзіне қарағанда, Қазақстан ЕО нарығына жалпы құны 2 миллиард доллардан асатын 175 тауар түрінің экспортын ұлғайтуға дайын.

Қасым-Жомарт Тоқаев еуропалық компанияларды осындай жаңа жобаларды қаржыландыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңын пайдалануға шақырды.

Мемлекет басшысы энергетика саласын ынтымақтастықтың аса маңызды бағыты ретінде атады.

– Қазақстан – Еуропаға көмірсутегін жеткізетін сенімді серіктестердің бірі. Еуропа Одағы шетелден импорттайтын мұнайдың 13 пайызға жуығы біздің елімізге тиесілі. Оның басым бөлігі Каспий құбыр консорциумы (КҚК) арқылы тасымалданады. Еуропа Одағы аталған консорциумның тұрақты әрі ұзақмерзімді жұмыс істеуіне қолдау білдіріп отыр. Біз мұны жоғары бағалаймыз. Дегенмен шикізат тасымалдаудың балама жолдарын да дамытамыз. Қазақстан жанартылатын қуат көздері мен экологиялық таза отын жобаларын жүзеге асыруға кірісті. Total, Eni, Svevind секілді бұрыннан келе жатқан серіктестерімізбен және басқа да еуропалық компаниялармен бірге жел, күн электр стансаларының қуатын арттырып, «жасыл» сутегі өндірісі жобасын қолға алдық. Бұдан бөлек, Қазақстан Өзбекстан және Әзербайжан елдерімен бірлесіп, «жасыл» энергияны Каспий теңізі арқылы Еуропа нарығына жеткізетін біртұтас электр желісін салу бойынша ірі жобаны бастады, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)



«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАҒА ӨТУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстанның Самарқанд қаласына жұмыс сапары аясында «Жаһандық климат сын-қатерлері кезеңіндегі Орталық Азия» халықаралық конференциясына қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия планетадағы климат өзгерістеріне ең осал өңірлердің бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұнда жаһандық жылыну әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жылдам жүріп жатыр. Аймақ тосын табиғат құбылыстарымен, атап айтқанда, мұздықтардың еруі, шөлейттену және су тапшылығы секілді сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр.

– Осындай күрделі жағдайда аймақ елдерінің күш-жігерін бір мақсатқа жұмылдыру аса маңызды. Сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары елдеріміздің дамуына кедергі келтірмеуге тиіс. Біз экономикалық өсім мен климаттық саясат арасындағы тепе-теңдікті қатан сақтауымыз керек. Бұл ретте Қазақстан аумағында жаппай ағаш егу туралы тапсырма бергенімді айта кеткім келеді. Бұдан бөлек, елімізде орманды сақтау мен қорғауға, экологиялық сананы қалыптастыруға, ең әуелі, өскелең ұрпақты табиғатты аялауға үндейтін «Таза Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ Өзбекстанмен бірге Аралдың табанына жасыл желек егу жұмыстарын қолға алдық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан климатқа қатысты күн тәртібінде өңірлік ынтымақтастық, прагматикалық амбиция және халықаралық ықпалдастыққа басымдық береді. Бұл ретте Мемлекет басшысы Қазақстанның дамушы елдерді қолдауды көздейтін жаһандық күш-жігерге үлес қосатынын және «жасыл» экономикаға өтуді стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын жеткізді.

– Жанартылатын энергия көздерін дамыту – стратегиямыздың өзегі. Біз жасыл сутегі өндірісі бойынша дүниежүзіндегі ең ірі жобалардың бірін жүзеге асырамыз. Әлемнің корпоративтік көш-басшыларымен бірге жел, күн энергия-

сын өндіру жобаларын іске қостық. Уран өндірісінің 40 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі. Жер бетіндегі электр энергиясының 10 пайызға жуығы атом электр стансаларында өндірілетінін ескерсек, оның салмағы арта түседі. Қазір еліміз зиянды шығарындыларды азайтып, энергетикалық қауіпсіздікті нығайту үшін алғашқы атом электр стансасын салуды жоспарлап отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанның кең даласы «көміртекті егіншілікпен» айналысу және экожүйені қалыптастыру ісінде зор мүмкіндікке жол ашатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сирек кездесетін элементтер экологиялық таза технологияларды дамытуға негіз болады. Елімізде мұндай аса маңызды минералдардың айтарлықтай қоры бар және оны өндеуге әлеуетіміз жетеді.

– Өңірімізде су тапшылығы уақыт өткен сайын өзекті мәселеге айналып келеді. Оны екі нәрседен аңғаруға болады. Соңғы жиырма жылда жан басына шаққандағы сумен қамтамасыз ету көрсеткіші 30 пайызға кеміді. Аймақтағы су ресурстарының 70 пайызы – трансшекаралық. Дәл осы себепті бізге су үнемдеу технологияларын және smart суару мен гидрологиялық мониторинг жүйелерін дамыту ісінде халықаралық қоғамдастықтың қолдауы қажет. Біз бұрыннан айтылып келе жатқан Орталық Азия су-энергетика серіктестігін құру бастамасын ілгерілетуге әзірміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті биоалуантүрлілікті, әсіресе Орталық Азияда тіршілік ететін бірегей және жойылу қаупі бар жануарлар мен өсімдік түрлерін сақтау мәселесіне айрықша тоқталды. Мемлекет басшысы Қазақстанда Президент жанындағы Халықаралық биоалуантүрлілікті қорғау қорын құру туралы шешім қабылдағанын мәлімдеді.

(Жалғасы 2-бетте)

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

СЕРІКТЕСТІК – СЕРПІНДІ ДАМУ КЕПІЛІ



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сирек кездесетін минералдарды игеру саласындағы ынтымақтастықтың стратегиялық маңызы зор.

Бүгінде Қазақстанда Еуропа Одағы экономикасына қажетті 34 шикізаттың 19 түрі өндіріледі. Оның қатарында уран, титан, мыс, литий, кобальт, вольфрам және басқа да көптеген элемент бар. Сонымен қатар еліміз Еуропалық қайта құру және даму банкімен арадағы келісім бойынша геологиялық барлау саласында бірлескен жобаларды іске асырып, кен игерудің озық тәжірибесін енгізіп жатыр. Бұл ретте Президент Астанада Сирек кездесетін металдарды зерттейтін аймақтық орталық құруды ұсынды. Аталған ғылыми мекеме кәсіпорындар мен инвесторларды игеруге болатын кеніштер, технологиялардың дамуы туралы өзекті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Мемлекет басшысы Орталық Азияның Шығыс пен Батыс арасында тиімді жеткізу тізбегі қалыптасқан транзит торабына айналуға мүмкіндігі бар деп санайды. Былтыр Транскаспий халықаралық көлік дәлізімен контейнер арқылы тасымалданған жүк көлемі 62 пайызға артып, 4,5 миллион тоннаны құраған. 2027 жылға қарай жүк көлемін он миллион тоннаға дейін жеткізу көзделіп отыр. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының Орталық Азия өңіріндегі орнықты көлік байланысының дамуына оң септігін тигізіп отырған Global Gateway стратегиясына қолдау білдірді.

Қазақстан декарбонизация бастамаларын белсенді жүзеге асырып келеді. Президент еліміздің әлемдегі ядролық отынның 40 пайызға жуығын қамтамасыз ету арқылы таза энергия өндірісінде маңызды рөл атқаратынын айтты. Былтыр Қазақстанда Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика бойынша Жобалық кенсе ашылды.

Мемлекет басшысы цифрлық технология мен жасанды интеллекттің дамыту мәселесіне айрықша тоқталды.

– Қазақстан аталған салаларға инвестицияны арттырды. Жыл басында Президент жанындағы Жасанды интеллект жөніндегі халықаралық консультативтік кеңестің негізі қаланды. Қазір елімізде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлауды көздейтін

ауқымды бағдарлама басталды. Астанада Alem.ai жоғары технологиялар орталығын құру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ол инновацияны енгізумен, стартаптарды қолдаумен және осы салада зерттеулер жүргізумен айналысады. Бұдан бөлек, біз жасанды интеллект саласының дамуын жеделдету үшін Венчурлік қорды іске қостық. Еуропа Одағы Team Europe бастамасы арқылы Орталық Азия елдеріне цифрлық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты өркендетуге көмек көрсетіп келеді. Қазақстан бұл бағытта тәжірибе алмасуға дайын. Осы орайда Astana Hub базасында «Орталық Азия – Еуропа Одағы» инновациялық кампусын ашуды ұсынамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Еуропа Одағы еліміздің ғылым және білім саласындағы маңызды серіктесі екенін атап өтті.

– Мемлекеттеріміз Erasmus+, Horizon Europe бағдарламалары және тағы да басқа бастамалар аясында ынтымақтаса жұмыс істеп келеді. Қазақстанда отыздан астам шетелдік университеттің бөлімшелері ашылды. Бұл елімізде академиялық білімнің өркен жаюына ықпал етеді. Біз гранттар мен стипендиялар санын көбейтуге мүдделіміз. Мұндай бірлескен бағдарламалар бірқатар Еуропа елімен жүзеге асырылып жатыр. Жасанды интеллект, су ресурстарын басқару, биотехнология секілді маңызды салаларда маман даярлауға басымдық беретін «Орталық Азияға арналған Erasmus+» бағдарламасын әзірлеуді ұсынамыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы орнықты дамудың басты кепілі саналатын халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, Қазақстан теңгерімді сыртқы саясатты берік ұстануды және барлық мүдделі мемлекеттермен, негізгі халықаралық құрылымдармен, соның ішінде Еуропа Одағымен ынтымақтастықты кеңейтуге ниетті.

ЕЛДЕСТІРУДІ КӨЗДЕЙТІН ЕЛМІЗ

Қазақ «елдестірімек – елшіден, жауластырмак – жаушыдан» дейтін аталы сөз бар. Көнеден келе жатқан, бұрынғылардың өз дәуіріндегі дипломатияға берген бағасы болса керек. Қазір бұл ұстаным өзекті бола түсті. Адамзат баласы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өзара пәтуаласып, халықаралық құқық пен ережелердің

белгілі бір нормаларын жасақтағанымен, соңғы кездері жағдай өзгеріп барады. Түрлі оқиғалардың байыбына бармай байбалам салатындар, «тентек шокпар жинайды» дейтін ұстанымға жүгінетіндер көбейген. Ал мұндай ахуалдың түбі жақсылыққа апара қоймауы мүмкін. Сондықтан Қазақстан Президенті түрлі мәселені тек дипломатиялық жолмен шешу қажет екенін ұдайы айтып келеді. Сонымен қатар БҰҰ-ны реформалау, «орта державалардың» рөліне назар аудару, шиеленістерді байыппен шешуді де алға тартып, ұсынып келеді. Самарканд саммитінде де осы ұстанымынан айныған жоқ.

Қасым-Жомарт Кемелұлы жаһандық тұрақсыздық шиеленісе түскен кезеңде әлемдегі күрделі оқиғаларға баға беруде барынша байыптылық танытып, жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сондай-ақ ол барлық елді БҰҰ Жарғысы мен жалпыға ортақ халықаралық құқық қағидаларын мүлтіксіз сақтау үшін барынша күш-жігер жұмылдыруға, сондай-ақ Бас хатшы Антониу Гутерриштің қызметіне қолдау білдіруге үндеді. Ұйымның құрылғанына 80 жыл толған сәтте мұның өзектілігі арта түседі.

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев Украинаға қатысты келіссөз процесіне қолдау білдірді.

– Қазақстан кез келген қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуін жақтайды. Сондықтан Украинаға қатысты келіссөздердің басталуын құптаймыз. Мәселенің күрделі екенін түсінеміз. Дегенмен шиеленіс оң шешімін табады деп үміттенеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы БҰҰ Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі аймақтық орталықты құру туралы қарарды бірауыздан қабылдағанын айтып, жиын қатысушыларына Қазақстанның бастамасын қолдағанына ризашылық білдірді. Оның пікірінше, Орталық Ұйымның 2030 жылға дейінгі күн тәртібін ілгерілетуге, өңірдегі өзекті әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге елеулі үлес қосады.

Ардақ СҰЛТАН



«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАҒА ӨТУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ

(Басы 1-бетте)

– Жаһан елдерінің «жасыл» дамуға бет бұруы ең жақсы, таза, қауіпсіз және өркендеген әлемнің негізін қалауға керемет мүмкіндік екені күмәнсіз. Алайда ол үшін климаттың өзгеруіне бағытталған мемлекеттік және жекеменшік қаржыландыру көлемі де соған сай болуы керек. Бұл климаттағы өзгеріс салдарын жұмсарту бағытындағы тиісті жұмыстарға төнетін қатерді азайтуға, жасыл энергетикаға инвестиция құюға және табыс әкелетін орнықты экономика моделін құруға жол ашады. Әйтпесе, көміртек бейтараптығына қол жеткізу қиынға соғады. Оның алдын алу үшін бізге күш-жігерімізді еселеп, серіктестік аясын кеңейту керек. Мұндай күрделі сынақты бірде-бір ел жалғыз өзі еңсере алмайды, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар конференцияда Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Еуропалық Кеңес Президенті Антониу Кошта, Еуропалық комиссия Президенті Урсула фон дер Ляйен, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар



Бердімұхамедов, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Ұйымның елді мекендер жөніндегі бағдарламасының атқарушы директоры Анаклаудия Россбах, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан, Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассо сөз сөйледі.

Сондай-ақ «Орталық Азия – Еуропа Одағы» саммитіне қатысушылар Aral Culture Summit көрмесін тамашалады. Аталған алаңда Арал экожүйесін қалпына келтіруге, аймақтың мәдени мұрасын сақтауға және орнықты дамуына ықпал етуге бағытталған бастамалар көрініс тапқан. Визуалды, сенсорлы және интерактивті тәсілдер арқылы ұсынылған экспозиция Арал маңындағы бай табиғат пен мәдениет жайында сыр шертеді.



МӘСЛИХАТ ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ

Кеше Тәуелсіздік сарайында Сенат жанындағы Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің кеңейтілген отырысы өтті. Секциялық және пленарлық сессиялар кезінде Парламент және мәслихат депутаттары, Үкімет мүшелері, шетелдік және қазақстандық сарапшылар Мемлекет басшысы Мәслихат депутаттарының II республикалық форумында және Ұлттық құрылтайдың IV отырысында белгілеп берген міндеттерді іске асыру барысын талқылады. Сондай-ақ іс-шарада сенаторлар мен мәслихат депутаттарының өзара іс-қимылын одан әрі жандандыру, жергілікті өкілді органдар қызметінің өзекті мәселелерін шешу және өңірлердің дамуына ықпал етудің маңызы туралы мәселелер сөз болды.

Мәулен Әшімбаев отырысқа қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, 30 жыл ішінде мәслихаттар еліміздегі басқару жүйесінің жергілікті жерлердегі толыққанды субъектісіне айналғанын атап өтті. Мемлекет басшысы қолға алған саяси реформалардың арқасында кейінгі жылдарда мәслихаттардың рөлі айтарлықтай нығайды. Бұл өзгерістер «Күшті Президент – Бікпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» атты мемлекеттік құрылыстың жаңа формуласына сәйкес жүзеге асырылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мызғаймайтын «Күшті Президент – Бікпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» үш тағанының маңызды элементі жауапты жергілікті басқару екенін үнемі айтып келеді. Бұл қағидат аясында мәслихаттарға маңызды міндет жүктелетіні сөзсіз. 2022 жылғы конституциялық реформалардың аясында мәслихаттардың дербестігін нығайтуға арналған жүйелі шаралар қабылданды. Соның нәтижесінде олар мемлекеттік саясаттың толыққанды қатысушысына айналып, жаңа кезеңде елдің дамуына үлкен үлес қосып келеді», – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Мемлекет басшысы айқындап берген реформалар мен міндеттерді жүйелі әрі сапалы іске асыру үшін бірлескен жұмыстың маңызы зор екеніне және сол бағыттағы бірқатар басымдыққа тоқталып өтті. Олардың қатарында қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыруға, әлеуметтік қоғам құруға, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізуге және мемлекеттік құрылымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге мәслихаттарды белсенді жұмылдыруға қатысты міндеттер бар.

«Мемлекет басшысы қолға алған реформалардың жаңа кезеңінің мәні – сапалы өсуді қамтамасыз етуге, әлеуметтік қорғаудың жаңа деңгейіне көшуге, мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және қоғамды ортақ мүддеге жұмылдыруға арналған ішкі саясат жүргізу. Президентіміз Әділетті Қазақстан құру үшін дұрыс құндылықтар жүйесі мен саяси мәдениет қалыптастыру қажет екенін, сол жолда қажырлы еңбек ету керектігін айтты. Бұл жерде мәслихаттар маңызды рөл атқарады. Мәслихаттар жергілікті жерлерде қоғамды ұйыстыратын орталық болуға тиіс. Жалпы, Президент реформаларының жаңа кезеңін іске асыруда жергілікті билік органдарына ерекше миссия жүктеледі», – деді Сенат Төрағасы.

Кеңейтілген отырыста депутаттардың құзырет деңгейін арттыру, мәслихаттардың экономикалық және қаржылық өкілеттіктерін

кеңейту, сондай-ақ олардың өңірлік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға, жалпыұлттық міндеттерді шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету мәселелері де талқыланды.

Іс-шарада өңірлерді дамыту және мемлекеттік өңірлік саясатты тиімді іске асыру Сенат қызметінің негізгі бағыттарының бірі екеніне баса мән берілді. Соңғы жылдарда Парламент мәслихаттарды белсенді тарта отырып, өңірлік проблемаларды шешуге арналған маңызды заңдар қабылданды.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен Парламент экономикалық саясаттың жаңа үлгісін және мемлекеттік басқару жүйесін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Бірлескен жұмысымыздың тиімділігін барынша арттыру үшін Сенат жанындағы Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің жұмысы жаңғыртылып, жаңа форматқа ауысуда. Соның нәтижесінде Кеңестің қызметі өңірдегі нақты мәселелерді шешуге бағыттала отыр. Сенат жанындағы «Өңір» депутаттық тобының жұмысы да жаңғыртылып жатыр. Ол Кеңеспен бірге өңірлік проблемаларды шешу жолдарын талқылайтын маңызды алаң ретінде жұмыс істейді. Осы жолда Тәуелсіздікті нығайту және азаматтардың мүддесі үшін елдің сапалы дамуын қамтамасыз ету – біздің стратегиялық мақсатымыз екенін айрықша атап өткен жөн», – деді Мәулен Әшімбаев.

Секциялық сессиялар барысында Парламент және мәслихат депутаттары, сондай-ақ сарапшылар қалалар мен ауылдардың әлеуетін арттыру үшін аралық деңгейдегі депутаттардың, Үкімет мүшелерінің, сарапшылар қоғамдастығының күш-жігерін біріктіру ерекше мәнге ие екенін атап өтті. Қатысушылар секциялық отырыстар аясында көтерілген мәселелердің өзектілігіне де назар аударды. Онда өңірлердің экономикасын, агроөнеркәсіптік кешенді, ауылдық аумақтарды және қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ жергілікті жерлерде әлеуметтік саясат пен инклюзивті қоғамды дамыту бағыттарына да басымдық берілді.

Кеңейтілген отырысқа Парламент және мәслихат депутаттарымен қатар Премьер-Министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ергалиев, Қаржы министрі Мәди Тәкиев, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының Тұрақты өкілі Катержина Вавьерниа, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық ұйымдардың, академиялық және сараптамалық қоғамдастықтың, сондай-ақ азаматтық сектордың өкілдері қатысты.

МӘЖІЛІС ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Мәжіліс бюросында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Келесі сәрсенбіде депутаттарға Салық кодексі және оған ілесіп салық салу мәселелері бойынша түзетулер жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Салық кодексі жобасын Үкімет Мемлекет басшысының 2022 және 2023 жылдардағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында берілген тапсырмаларды орындау мақсатымен әзірлеген. Ол 822 баптан тұрады және қазіргі Салық кодексі мен оны қолдануға енгізген заңның күшін жояды.

Кодекс жобасында кейбір салалардағы салық төлеушілер үшін корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін саралау, өңдеу өнеркәсібін дамытуға және пайданы жаңғыртуға қайта инвестициялауды ынталандыру мақсатымен салықтық шегерімдерді кеңейту көзделген.

Сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын қысқарту, барлық арнайы салықтық режимдерді оңтайландыру, салық жеңілдіктерін беру жүйесін бақылау мен талдаудың жаңа тәсілдерін енгізу, қымбат мүлікке, алкоголь және темекі өнімдеріне салық мөлшерлемелерін арттыру ұсынылады. Салықтық әкімшілендіруді жетілдіруге бағытталған басқа да бірқатар норма мен шара қарастырылған.

Ал ілесіп заң жобасы аясында 3 кодекс пен 19 заңға өзгерістер енгізу ұсынылады.

Осы күні депутаттар қаржы нарығын дамыту және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заң жобасын екінші оқылымда қарайтын болады. Заң жобасын талқылау барысында депутаттар бірнеше норма ұсынды. Атап айтқанда, тұтынушылық кепілсіз онлайн-несиелер беру кезінде «салқындату кезеңін» (жиырма төрт сағат) енгізу, сондай-ақ несие алуға алғаш рет жүгінген азаматтардың банк немесе микроқаржы ұйымының бөлімшесіне жеке келуін міндеттеу мәселелері көтерілді.

Сонымен қатар азаматтардың жекелеген санаттарына кепілсіз тұтынушылық қарыздарды тек олардың «электрондық үкімет» порталы арқылы ресімделген келісімінен кейін ғана беру талаптары қарастырылған (21 жасқа толмаған және 55 жастан асқан азаматтарға).

Бұдан бөлек, халық қалаулылары алаяқтық операцияларға қарсы іс-қимыл шараларын күшейтуге бағытталған, оның ішінде антифрод-орталықтың қызметіне және қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға байланысты бірқатар норма ұсынды.

Жалпы отырыста құқықбұзушылықтардың алдын алу және ғылымды қажет ететін аймақтарды дамыту мәселелері бойынша жаңа заң жобалары жұмысқа қабылданбақ.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҒЫЛЫМ ТІЛІ РЕТІНДЕ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік университетінде «Қазақ тілі – ғылым тілі: жасанды интеллект және терминология» атты II халықаралық симпозиум өтті. Шара барысында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуы мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар қазақ тілінің аясын кеңейту жолдары жасанды интеллект арқылы талқыланды. Симпозиумға Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі қатысып, қазақ тілінің болашағы үшін цифрландырудың маңыздылығын атап өтті.

«Бүгінде адамзат цифрлы әлемде өмір сүріп жатыр, сондықтан тілдерді сақтау және қолдану мәселесі ерекше өзектілікке ие. Бұл қазақ тілі үшін де маңызды, себебі оның цифрлы ортада кеңінен қолданылуы унификацияланған және цифрланған сөздік қорын, тілдік дерекқорды талап етеді. Егер біз цифрлы сөздік қорын қалыптастыра алсақ, бұл қазақ тіліндегі жасанды ин-

теллектінің жұмыс сапасын айтарлықтай арттырады», – деп мәлімдеді сенатор.

Симпозиум барысында лингвистика, жасанды интеллект және терминология саласындағы жетекші мамандар қазақ тілін қазіргі заманғы технологиялармен интеграциялау мәселелерін талқылап, өз ұсыныстарын айтты.

Мейір ЖАСЫН

ҚОҒАМ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған «Тең мүмкіндіктер» атты II республикалық инклюзивті спорт фестивалі биылғы күзге жоспарланған. Өңірлік іріктеу кезеңдері қазан айында өтеді, ал республикалық финал қарашада Астанада ұйымдастырылады. Іс-шараға дайындық барысы «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты мүшелерінің министрліктермен және қоғамдық ұйым өкілдерімен өткен жұмыс кеңесінде талқыланды.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Наталья Дементьева бұл фестивальды дәстүрлі спорттық жарыстармен шатастыруға болмайтынын атап өтті.

«Біз жеңімпаздарды анықтауды мақсат етпейміз. Біз ерекше балалар өздерін қоғамда қолайлы ортада сезінгенін көздейміз. Олардың көпшілігі алғаш рет осындай ауқымды іс-шараға қатысып, өз қатарластарымен бірге спорт алаңына шығып, өмірдің қуанышын сезінеді. Ондағы бірнеше сағат — баланың өзін өзгелерге қажет екенін, қабілетті, мықты әрі сұранысқа ие екенін сезінетін уақыты. Егер біз осыған қол жеткізе алсақ, еңбегіміздің зия келгені», — деді ол.

Өткір мәселелердің бірі туралы «Тең мүмкіндіктер әлемі» ко-



ғамдық қорының директоры Нұргүл Ұлжекова да сөз қозғалды. Оның айтуынша, ауыр диагнозы бар балалар фестивальға атанасының қарауынсыз бара ал-

майды. Алайда заңнамада ата-аналардың бұл сапары іссапар ретінде қарастырылмайды, сондықтан мектеп олардың шығындарын өтемейді.

«Біз нормативтік-құқықтық базаның шынайы өмірді ескермейтінін жиі байқаймыз. Ата-аналарға жолақы, тамақтану, тұру шығындары өтелмейді. Соның салдарынан өңірлік кезеңде жеңіске жеткен бала республикалық финалға бара алмайды, өйткені анасы бұл шығынды өзі көтере алмайды. Бұл жай ғана әділетсіздік емес — бұл ынтаны жоятын тосқауыл. Занда еріп жүретін адамдардың қатысуы қарастырылуға тиіс. Біздің фестиваль осындай өзгерістерге түрткі болады деп сенемін», — деді ол.

«AMANAT» партиясының Саяси жұмыс департаменті директорының орынбасары Гүлнар Нұрахметханова фестивальды ұйымдастырудың бірінші қауымын қалыптастыруды ұсынды.

«Біз өңірлерде іріктеу кезеңдерін өткізіп, үздіктерді республикалық финалға шақыруды ұсынамыз. Бұл өңірлерге жүктемені азайтады және жұмыс барысын жеңіл әрі түсінікті етеді. Бірақ бірінші алгоритм әзірлеу маңызды. Былтыр әр өңірде қолдау көрсетудің шарттары мен сомалары әртүрлі болды — бұл әділетсіздік. Біз барлық қатысушыға тең мүмкіндік бергіміз келеді», — деді ол.

«Тең мүмкіндіктер» фестивалі «AMANAT» партиясының Әйелдер қанатының бастамасымен

«Кедергісіз келешек» жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстандық бочча федерациясы, Ұлттық ғылыми-тәжірибелік дене тәрбиесі орталығы және басқа да ұйымдармен бірлесіп өткізіледі. Былтыр фестиваль еліміздің 18 өңірінде ұйымдастырылып, 1 800-ге жуық баланы қамтыды, олардың үштен бірі ерекше қажеттіліктері бар балалар болды.

Айта кету керек, ерекше қажеттіліктері бар азаматтарды қолдау — «AMANAT» партиясының басты басымдықтарының бірі. Тек осы жылы партияның көмегімен 46 инклюзияны қолдау кабинеті мен 661 бейімделген спорт секциясы ашылып, 5 000-ға жуық бала қамтылды. Еліміздің барлық өңірінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтуға арналған 300-ден астам бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылып, нәтижесінде 1 600-ге жуық адам тұрақты жұмыс тапты. Бұдан бөлек, «AMANAT» қоғамдық қабылдау бөлмелерінде ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін 400-ден астам тақырыптық қабылдау өткізіліп, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын бейімдеу және мониторинг жүргізу мақсатында 684 рейд ұйымдастырылды.

Елнар ЕЛТАЙ

ТРАМП САЯСАТЫ ТАЛАЙ ЕЛГЕ «ТАҢБА» САЛДЫ

Жақында АҚШ-тың бүкіл әлемге сауда соғысын бастағанына куә болдық. Дональд Трамп жаңа кедендік баж салығын енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. АҚШ президенті бұл күнді «Американың азаттығы» деп атады. Бірақ осы мәлімдемеден соң Уолл-стрит 2020 жылғы пандемияның алғашқы айларынан бергі ең ауыр күнді бастан өткерді. Нью-Йорк қор биржасындағы сауда жабылғанда, жаппай акцияларды сату толқыны негізгі индекстердің соңғы бес жылдағы ең үлкен құлдырауға әкелді. S&P 500 индексі 4,9%-ға, Dow индексі де 4%-ға төмендеді. Сәйкесінше, инвесторлар бұл тарифтер рецессияға әкелуі мүмкін деп қауіптенеді.

Кәмила ДҮЙСЕН

Жарияланған тізімге бүкіл әлемнің 185 мемлекеті енген. Кедендік тарифтер тізіміне көз жүгіртсек, кейбіреулер үшін бұл кедендік баждан босатумен тең болса, енді бір елдер үшін үлкен проблемаларға айналуы мүмкін. Оның ішінде Қазақстан Орталық Азия елдерімен салыстырғанда неғұрлым қатаң шараларға тап болғанына куә болдық.

Ақ үй тізімінде Қазақстан АҚШ тауарларына 54 пайыздық баж салығын салғаны көрсетілген. Соған жауап ретінде қазақстандық тауарларға 27% кедендік салық салынатын болады. Орталық Азиядағы Қырғызстан, Армения, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан үшін 10% бірінші мөлшерлеме белгіленген, ал 27 пайыз ең жоғары көрсеткіш. АҚШ-тың жаңа кедендік тарифтері Қазақстанның негізгі экспорттық тауарларына қысым жасай ма және бұл өзгерістер еліміздің экономикасына қалай әсер етеді?

Қаржыгер Расул Рысмамбетовтің пікірінше, Қазақстан АҚШ-қа тауарды көбірек сатып, одан азырақ импорттайды. Қазақстан мен АҚШ арасындағы

саудада Қазақстан артық тауар экспорттайды, ал импорт көлемі салыстырмалы түрде аз. Мұндай жағдай «сауда профициті» деп аталады.

— Қазақстанға жаһандық сауда қақтығыстары үлкен қауіп төндірмейді. Олар бізге тікелей әсер етпейді. Иә, егер Трамп «термодролық тарифтік бомба» жарса, соққының толқыны бізге де сезілуі мүмкін, бірақ бұл негізінен психологиялық әсер ғана болмақ. Біздің басты артықшылығымыз — Қазақстан сауда соғыстарының эпицентрінде емес. Қазір негізгі текетірес АҚШ пен әлемдегі ең ірі экономикалар (Қытай, Еуроодақ) арасында жүріп жатыр. Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы АҚШ-тың үлесі 1%-дан да аз. Сондықтан бізге айтарлықтай экономикалық соққы болмайды, — дейді ол.

Былтыр Қазақстан АҚШ-қа 2 млрд доллардан астам тауар экспорттап, 1 млрд доллар көлемінде импорттаған. Яғни, біз соңғы он жыл бойы АҚШ-қа көбірек тауар сатып келеміз, ал ол жақтан азырақ аламыз. Қаржыгердің айтуынша, біз санкциялар енгізілген елдердің тарифтік тізімінде болғанымызбен, бұл формальды мәселе ғана.

Country	Tariff Charged to the U.S.	U.S. Tariff
China	67%	25%
European Union	39%	10%
Vietnam	90%	10%
Taiwan	64%	10%
Japan	46%	10%
India	52%	25%
South Korea	50%	10%
Thailand	72%	10%
Switzerland	61%	10%
Indonesia	64%	32%
Malaysia	47%	24%
Cambodia	97%	49%
United Kingdom	10%	10%
	60%	30%
	10%	10%

— Ал АҚШ-тың Қазақстаннан келетін импортқа енгізген 27%-дық тарифтері біздің экспортымызға қатты әсер етпейді. Себебі біздің тауарлар «стратегиялық материалдар» санатына жатады және олар президенттік шешім негізінде баж салығын босатылады. Теориялық тұрғыдан алғанда, кейбір тауарлар біз үшін арзандай түсуі мүмкін. АҚШ-тың санкциясына іліккен елдер өздеріне жаңа нарықтар іздейді, сондықтан Қазақстан тиімді бағамен техника, металл, көлік немесе құрылыс материалдарын алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл тіпті бизнес пен тұтынушылар үшін пайдалы болуы мүмкін. Қазақстан АҚШ нарығының орнын толтыра алмайды, бірақ ТМД елдері арасында бағасы тартымды нарықтардың бірі болып қалмақ, — деді Р.Рысмамбетов.

Дегенмен АҚШ-тың енгізген тарифтері елдегі инфляцияны күшейтсе, бұл доллардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде, Қазақстан үшін долларлық

аймақтан импорттау арзандайды, ал теңгенің долларға шаққандағы бағамы күшеюі мүмкін.

— Айтпақшы, Қазақстан АҚШ-пен тікелей сауда жасайтын ТМД-дағы санаулы елдердің бірі. Біздің экономикамыз шағын болғанына қарамастан, АҚШ-қа сауда профицитімен шығатын елдер қатарындамыз. Осындай тарифтер Оңтүстік Корея және басқа «Азия жолбарыстарына» да енгізілді, — дейді маман.

Оның айтуынша, Қазақстан өз өндірушілеріне көбірек көңіл бөліп, «жергілікті өнім» ұғымын нақтылауы қажет. Ауыл шаруашылығына, қайта өңдеу саласына және машина жасауға көбірек инвестиция салу керек. Қазір арзан несие алып, сапалы жабдық сатып алу үшін жақсы мүмкіндік туындап отыр. Дәл осы кезеңде «Бәйтерек» қорының қаржысын іске жаратуға болады. Ең бастысы — жылдам әрекет ету, — деп қорытындылады сөзін қаржыгер.

Сарапшының сөзінің жаны бар. Өйткені Tradingeconomics

деректеріне сүйенсек, Қазақстан АҚШ-қа мынадай стратегиялық маңызы бар шикізат өнімдерін экспорттайды: минералды отын, радиоактивті химиялық элементтер, тазартылған мыс және өңделмеген қорытпалар, бейорганикалық химиялық заттар, рудалар мен кара металдар.

АҚШ тарапынан қабылданып жатқан бұл шаралар Трамптың сайлау алды бағдарламасында қарастырылған. Тәуелсіз сарапшы, экономист Сапарбай Жобаевтің айтуынша, ол халқына импорттық тауарларға кеден салығын көбейтіп, Американың өндірісін дамытуды, сол арқылы мемлекетін ұлы Америкаға айналдырамын деп уәде еткен.

Сауда және интеграция министрлігі Аіқун газетіне берген жауабында АҚШ-пен екіжақты ынтымақтастық аясында Қазақстан халықаралық міндеттемелерге сәйкес саудада тең және кемсітушілікке жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді деп мәлімдеді.

«АҚШ тарапынан қабылданған жаңа сауда шараларын алдын ала талдау нәтижесінде, Қазақстаннан АҚШ-қа экспортталатын тауарларының елеулі бөлігіне қосымша тарифтердің әсері болмайтыны анықталды. Өйткені олар АҚШ әкімшілігінің нормативтік актілерінде көзделген ерекшеліктер тізіміне енгізілген», — делінген мәлімдемеді.

Қорыта айтқанда, АҚШ тарифтерінің 27%-ға өсуі Қазақстан экономикасына белгілі бір әсер етеді, бірақ ол шешуші фактор болмайды. Қысқа мерзімде қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ ұзақмерзімді перспективада Қазақстан сыртқы сауда тұрақтылығын сақтайды.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Әлемдік қауымдастық тек әріптестіктен тұрса игі. Бірақ мұнда аяқтан шалу да, жат құндылықтарды тықпалау да, мемлекеттің ішкі ісіне араласу да бар. Өйткені адамзат дүниетанымының болмысы сондай. Жаһандық деңгейдегі жымысқы саясаттың салқыны соңғы 20 жылда қатты сезіле түсті. Тіпті, Қазақстанды да қарымай қалып жатқан жоқ. Таяуда өткен Ұлттық құрылтайдың да, Мәжілістің осы аптада өткен жалпы отырысының да көтерген бір тақырыбы осы сыртқы ықпал туралы болды. Біз де «Мәжіліс мінберінің» кезекті санына Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршиннің «AMANAT» партиясы фракциясы мүшелері атынан Үкімет басшысының атына жолдаған депутаттық сауалын таңдап алдық.



СЫРТҚЫ ЫҚПАЛДА ҚАУІП БАР

А Нұрлан ҚОСАЙ

Өзінің депутаттық сауалын Еділ Терекбайұлы Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдағы ішкі саясатқа байланысты мәлімдемесінен бастады. Өйткені Президент еліміздің ішкі саясатына тікелей араласқан сыртқы күштердің жұмысын сынға алып, оларға нақты мін таққан болатын. Мысалы, Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әлемдегі ауқымды өзгерістерге баршамыз куә болып, тіпті оған өзіміз де қатысып жатырмыз. Бұл үрдістің жалғаса берері сөзсіз. Басты халықаралық мәселелерді шешуге қатысты жаңа пайымдар мен нарративтер, ерекше көзқарастар мен тәсілдер пайда болды. Бұрын-соңды болмаған қақтығыстар, ушыға түскен сенім дағдарысы, қадірқасиеті кете бастаған халықаралық құқық, экономикалық шайқастар қазіргі әлемнің басты сипатына айналды. Мұның бәрі жаңа технологиялық қалып орныққан, маңызды ресурстар үшін талас-тартыс күшейе түскен, өндіріс және сауда-логистика байланыстары қайта құрылып жатқан, техногендік және табиғи апаттар туындаған кезеңге тұспа-тұс келіп отыр. Беделді саясаткерлер мен сарапшылар «дүниежүзі жаппай берекесіздік жайлаған немесе болашағы бұлыңғыр жаңа заманның қарсаңында тұр» деген пікір білдіре бастады. Басқаша айтқанда, әлемдегі ескі тәртіп күйреп жатыр, ал жаңа дәуірдің сұлбасы әлі нақты айқындалған жоқ. Көз алдымызда тарихтың жаңа айналымы басталып жатыр. Жаһандану үдерісінің мән-маңызы жоғалып барады. Мемлекеттік ұлтшылдық, ықпал жүргізетін аумақтарды бөліске салу, әлемдік саясатта аймақтарға бөліну үрдісі алдыңғы қатарға шықты», — деген болатын.

Осы сыртқы ықпал ету саясатының Қазақстанға қаншалықты қауіпті екенін Еділ Терекбайұлы өз сөзінде ашып айтады.

«Өйткені геосаясаттағы доминант мемлекеттер өзінің жеке мүддесі мен саяси ықпалын жүргізіп қана қоймай, оны іске асыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып келді. Мысалы, мемлекеттердің ұлттық құндылықтарын жоюға бағытталған әсіре феминистік, ЛГБТ, эмо және басқа да субьмәдениеттік қозғалыстар арнайы, жоспарлы түрде милли-

ондаған АҚШ долларымен қаржыландырылды.

Одан қалса, олар ұлтаралдық пен діни алауыздықты, сепаратизм мен трайбализмді біздің саяси күн тәртібімізге енгізуге күш салды. Мұны Президент Ұлттық құрылтайда: «Халықаралық үкіметтік емес қорлар мен ұйымдар көптеген елдің ішкі ісіне негізсіз араласты», — деп қадап айтты.

Дегенмен соңғы кезде АҚШ-тың билігі өз ішкі және сыртқы саясатын қайта қарауда. Тіпті, АҚШ-тың Конгресінде Халықаралық даму агенттігінің, яғни USAID-тің жұмысы тоқтатылатыны туралы мәселе қаралып жатыр.

Соңғы онжылдықта Қазақстанның ішкі саясатына ықпал ету үшін USAID-тен 150 млн доллардан астам қаражат бөлініпті. Осындай ұйымдар демократиялық қағидаттарды желеу етіп, жалаң ұранмен «жұмсақ күш» арқылы өзінің жымысқы саясатын іске асыру үшін өзге мемлекеттерге қанша қаражат бөлгенін елестетіп көріңіз. Мысалы, Қиыр Шығыстағы, Орталық Азиядағы, Африкадағы, Еуропадағы бірқатар дамушы елдерде билікке қарсы төңкерістер ұйымдастырылғаны белгілі», — дейді депутат.

Тарихқа үнілсек, USAID-ті (United States Agency for International Development) 1961 жылы АҚШ-тың 35-ші президенті Джон Кеннеди құрған екен. Мақсат — қақтығысқа тап болған елдердің экономика, денсаулық сақтау мен білім беру жүйелерін жақсартуға гуманитарлық көмек көрсету. Десе де, іс жүзінде ол сыртқы ықпал ету тетігін, «жұмсақ күш» рөлін атқарғаны жасырын емес. Мәселен, соңғы 10-15 жылда USAID түрлі демократияландыру жобалары мен биліктің ауысуына ықпал ететін «түрлі түсті революциялар» ұйымдастыруды қаржыландырған, оппозициялық қозғалыстарға қаражат бөлген. Жүздеген мың доллар ақша террористік ұйымдармен байланысы бар коммерциялық емес ұйымға берілген. Сондай-ақ агенттік шетелдегі трансгендерлер құқықтарына (ЛГБТ+ қозғалысы) қатысты жобаларды қар-

жыландырғаны үшін сынға ұшырап отыр. USAID-тің қомақты қаражаты Ауғанстандағы ирригациялық каналдар салуға және ауыл шаруашылығына тыңайтқыштар сатып алуға жұмсалғаны да анықталған. Ақ үйдің мәлімдемесінде, бұл көмекті героин өндірушілердің қолданғаны атап өтілген. Сарапшылар USAID-тің АҚШ-тың стратегиялық мүддесі жоқ елдерде гуманитарлық апаттарға назар аудармайтынын айтады, ал көмек көрсеткеннің өзінде кейде саяси шарттар қойып береді. Мысалы, АҚШ компанияларына тиімді реформаларды ілгерілету мақсатында дамушы елдердің нарықтарын америкалық тауарлар мен қызметтер үшін ашуға ықпал етеді. Сондықтан АҚШ-тың сыртқы саясатына қарсы мемлекеттер, оның қызметін өз аумағында шектейді немесе мүлде тыйым салады. Ал USAID-тің Қазақстандағы негізгі жобалары 5 бағытта жүргізілген екен. Олар — инвестиция және «жасыл экономика», демократия және сөз бостандығы, туберкулез бен ВИЧ/СПИД-ке қарсы күрес, соның ішінде COVID-19, энергетика және экология (климаттың өзгеруі), аймақтық қауіпсіздік, яки терроризм мен экстремизмге қарсы күрес.

«Бізше шетелдік грант «емізгіне» отырып алған кейбір, тағы да айтамын, кейбір үкіметтік емес ұйымдар көбінесе, түймедейді түйедей қылып, негативті теріп-жинап, кураторларына өтірік есеп беріп, «ойбай бұл елде адам құқығы тапталған», «сөз бостандығы шектелген», «сіздер араласпасаңыздар құрдымға кетудің алдында тұрмыз» деп байбалам салады. Тіпті, біздегі жағдайды дамымай қалған үшінші мемлекеттермен негізсіз, дәлел-дәйексіз теңестіреді. Оларға Қазақстанның жақсарғаны емес, шайқалғаны пайдалы. Себебі өздерінің жеке басының пайдасына, яғни «гуманитарлық бизнестеріне» қаржы керек», — деді ол.

Осыларды назарға алып, Бурабайда сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз тарих, дәстүр және қазіргі заман құндылықтарын әрдайым бірдей ұстанып келеміз. Жұртты

саяси прагматизмге шақырып, қоғамда Заң мен Тәртіпті орнықтыру маңызды екенін бұрыннан айтып жүрміз. Қазір әлемде болып жатқан оқиғалар біздің бағдарымыздың дұрыс екенін көрсетті. Әрине, шетелдегі жағдайды үнемі ескеріп отыру маңызды. Бірақ біз алдымен өз еліміздің ішкі мәселелеріне ден қоюымыз керек. Біз ұлттық мүддемізді қорғау үшін алдағы уақытта да ұтымды әрі байыпты әрекет етуіміз қажет. Талай заманнан келе жатқан өкпе-реніштерден, өткенге құр мақтанудан және бәрін орынсыз сынап-мінеуден арылу қажет. Әлеуметтік масылдық пен саяси таяздыққа мейлінше жол бермеуге тиіспіз. Шектен шығып, тым асыра сілтейтін көзқарастарға барынша тосқауыл қойған жөн», — деп нақты тапсырма берді.

Осы ретте елімізде ішкі саясатты іске асыратын, оның бағыт-бағдарын анықтайтын билік институттары бар екенін, Қазақстанның өз ішкі ісіне, ұлттық идеологиясына, рухани-мәдени дүниетанымына, яғни ішкі саясатына сыртқы күштердің араласуына жол бермеуге, заң аясында бағыт жауап беруге қабілетті екенін атай кету керек. Мәселен, АҚШ, Қытай, Ресей сияқты алпауыт мемлекеттер ішкі саясаттарына өзгелердің араласуына жол бермейтін заңдар қабылдаған.

«Осыған байланысты Үкімет тез арада келесі мәселелерді қолға алу керек. Ең алдымен, Қаржы министрлігі мен тиісті мемлекеттік органдарды іске қосып, еліміздің ішкі саясатына араласуға бағытталған сырттан құйылған қаржыны анықтап, тиісті шара қабылдасын. Келесі, шетелден қаржыландырылатын ұйымдардың қызметін реттейтін қолданыстағы заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізіңіз. Сондай-ақ шетелдік гранттар арқылы қаржыландырылатын жобалар мен ұйымдардың қызметін бақылау және реттеу механизмдерін жетілдіру қажет.

Осы орайда бір мәселенің басын ашып алайық. Сырттан келетін қаржы, егер таза болып, инвестиция ретінде экономиканы дамытуға құйылатын болса, экология мен денсаулық сақтау саласын жақсартатын болса, онда оған жол ашық. Ал егер ішкі саясатымызға қарсы, ұлттық дүние-

танымымызға жат, тұрақтылығымызды шайқайтын жобаларды қаржыландырса, онда ондай ұйымдарға жол жабық», — деді депутат.

Сөз соңында Еділ Жаңбыршин елімізде арнайы құжат дайындалатынын жеткізді. Мәжіліс депутаттары бастаған сарапшылар тобы жасап шыққан бұл құжат ел тарихындағы тұңғыш құжат болмақ. Оны тіпті Президенттің өзі де атап өтті.

«Ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін. Ұлттық құрылтай мүшелері — Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Өшімбаев, Марат Шибұтов және басқа да азаматтар осындай ұсыныс айтты. Олар өз бастамасын іске асырып, Ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын да әзірледі.

Мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауы қажет. Құжатта құзырлы органдар мен мүдделі тараптардың қызметі бір арнаға тоғысуы керек. Онда мемлекеттік идеология жұмысының мақсат-міндеттері мен ба-сымдықтары нақты белгіленуге тиіс», — деді Қ.Тоқаев.

Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілмек. Бұл, ең алдымен, осы құндылықтар мен нышандарды қоғамда орнықтыру, оларды кеңінен дәріптеу және қорғау үшін қажет. Ел өмірі үшін маңызды құжат созбалаңға салынбай тезірек қабылдануға тиіс.

«Одан қалса, Мемлекет басшысының Құрылтайдағы тапсырмасына сәйкес, Тәуелсіздік алғалы бірінші рет елімізде ішкі саясат Тұжырымдамасы әзірленеді. Бұл — ұлттық құндылықтарымыздың негізінде ішкі саясаттың бағыт-бағдарын, құрылымын және Ережелерін айқындайтын, ел мүддесі үшін саяси топтарды біріктіретін, осы шаралардың нәтижесінде мемлекетіміздің ішкі шаруасына араласқысы келетін саяси авантюристер мен деструктивті топтарға тосқауыл қоюы мүмкіндік туғызатын стратегиялық құжат болмақ», — деп аяқтады сөзін Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Қазақстан ұзақ уақыт салық режимі ең тиімді елдердің қатарында болды. Толықтай «салық офшорына» айналып кетпесек те, кәсіпкерлер салықтан жалтарудың түрлі амалын ойлап тапты. Мұнай бағасы дәуірлеп тұрған кезеңде мемлекет салаға серпін беруді көздеп, кейбір кемшілікке көз жұма қарауға қауқарлы болатын. Дегенмен жүйені жетілдіріп, әділдік қағидаттарын нығайтатын кез жетті. Салық реформаларына қатысты жаңашыл өзгерістер енгізілмек. Бұл реформалар кәсіпкерлік ортаға, сондай-ақ экономиканың жалпы құрылымына жаңа ықпал етіп, мемлекеттік бюджетті тұрақтандыруға бағытталған. Дегенмен жаңа өзгерістер қоғамда толқыныс туғызып, қызу талқыға түсті. Қаржы жөніндегі сарапшы Айбар Олжай әлеуметтік жауапкершілігі жоғары ел боламыз десек, салықтың салмағы да ауыр болатынын ұмытпау қажет екенін айтады. Салық жүйесіндегі басты өзгерістер, олардың шағын және орта бизнеске әсері, сонымен қатар реформалардың экономикалық тиімділігі туралы сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

— Айбар мырза, сұхбатымызды мәселенің туындауына себеп болған жайттан бастасак. Қазір салық жүйесін түбегейлі реформалауға неліктен мәжбүр болып отырмыз?

— Мемлекеттік қаржы дағдарысы деп аталады. Экономикада осындай термин бар. Бізде мемлекеттік қаржының кірісі мен шығысында үлкен айырмашылық бар. Бұл теңсіздік арасы жыл сайын алшақтап келеді. Белгілі бір уақыт аралығында бұл алшақтықтың орнын Ұлттық қор қаражаты есебінен жауып келдік. Бірақ жағдай әрі қарай осы қарқынмен кете берсе, біріншіден, біз ешқашан ҰҚ қаражатын 100 млрд АҚШ долларына жеткізе алмаймыз, екіншіден, қазір қорда бар 60 млрд қаржының өзін азайтып алу қаупі басым. Онда біз өз болашағымызға өзіміз балта шапқандай болар едік. Қазір белгілі бір қатан шара, яғни бағытымызды 180 градусқа ауыстыру секілді шок-реформалар қабылдау қажет. Барлық реформа жүйені түп-тамырымен өзгерту арқылы ғана жүзеге асырылады. Себебі қолданыстағы Салық кодексі 2000 жылдардың басында мұнай бағасы жоғары сол кезеңге лайықталып жасалған болатын. Ол уақытта мұнай бағасы өте жоғары болғандықтан, қазынаға аса жоғары пайда әкеліп отырды. Ал кәсіпкерлердің табысынан түсетін азын-аулақ салық мөлшерін мемлекет менсінген жоқ. Сол себепті кәсіпкерлерге салмақ салудың қажеті жоқ деп танып, көптеген салықтық жеңілдік ұсынды. Сонымен қатар әлеуметтік шығын мөлшері де қазіргідей көп болған жоқ. Уақыт өте келе белгілі бір оқиғалардың салдарынан атаулы-әлеуметтік көмек енгізілді. Сол уақытта Салық кодексіне реформа жасалған жоқ. Қанша шығыс шығады, кірісті де соған теңестіру үшін салық жүйесін өзгертіп, сол сәттің өзінде-ақ халыққа түсіндірген абзал болатын. «Міне, біз атаулы әлеуметтік көмек енгіздік, сәйкесінше, оның орнын толтыру мақсатында салықты көтеруге мәжбүрміз» деген сияқты

мәлімдеме жасау арқылы халықпен ортақ мәмілеге келуге болар еді. Бірақ мемлекет тағы да халық наразылығынан қорқып, бүгін жасалуы тиіс болған қадамдарды кейінге қалдыру арқылы осындай дағдарыспен бетпе-бет келіп отырмыз.

— Кәсіпкерлер пандемия кезінде енгізілген жеңілдіктерге де бой үйретіп алған жоқ па?

— Психологияда мынадай заңдылық бар: адам қандай да бір игілікке қол жеткізген соң одан бас тарта алмайды. Оның уақытша екенін алдын ала білсе де, мерзім сәті келгенде сол игілікті қайтарып алу оған тартып алғанмен бірдей әсер қалдырады. Біз де қазір осындай психологиялық парадоксты бастан кешіріп жатырмыз. Сол пандемия кезінде кәсіпкерлерге қиындықтан шығу үшін берілген жеңілдіктер де үнемі солай болуға тиіс сияқты қабылданды. Салыстыра отырып қарасақ, кей елдерде расымен де салық төмен. 1-2 пайыз мөлшерінде ғана. Бірақ сол мемлекеттер тіпті зейнетақының өзін төлемейді. Мұндай елдер өздеріне ешқандай әлеуметтік жауапкершілік арқаламайды, «өз күнін өзің көр» деген позиция ұстанған. Сәйкесінше, азаматтарына ештеңе бермейді, олардан ештеңе

Психологияда мынадай заңдылық бар: адам қандай да бір игілікке қол жеткізген соң одан бас тарта алмайды. Оның уақытша екенін алдын ала білсе де, мерзім сәті келгенде сол игілікті қайтарып алу оған тартып алғанмен бірдей әсер қалдырады. Біз де қазір осындай психологиялық парадоксты бастан кешіріп жатырмыз.

алмайды. Бар-жоғы 1-2 пайыз мөлшерінде салық төлеп отырса болды. Ал Еуропа елдері сияқты 40-50 пайыз салық алатын елдердің әлеуметтік жүктемесі де сондай үлкен. Атап айтқанда, жұмыссыздық жәрдемақысы, жоғары мөлшердегі зейнетақы, атаулы әлеуметтік көмек секілді басқа да жеңілдіктер кездеседі. Біз Азия елдерінде кездесетін салықтық жеңілдіктерді енгізіп алып, әлеуметтік жауапкершілігі



Айбар ОЛЖАЙ,
қаржы сарапшысы:

ЖАҢА КОДЕКС — АРНАЛҒАН

өте жоғары жүйенің нәтижесіне ұмтылды. Сол себепті қазір бюджеттің тігісі сәтінудің аз-ақ алдында тұр.

— Жаңа қазіргі реформа — салық жүйесіне арналған шок терапиясы деп айтып өттіңіз. Бұл шаралардан ұзақмерзімді перспективада қандай нәтиже күтуге болады?

— Дәл қазір жасалып жатқан реформалар бізге апатты жағдайдың алдын алуға ғана бағытталған. Бұл шаралар бюджеттің кіріс-шығысын теңестірмейді. Тек 10 трлн тенге көлеміндегі алшақтықтың арасын азайтуы

мыз, 7 трлн тенге қарыз аламыз. Республикалық бюджет — бұл біржылдық шығындар, оның ішінде жол салуға кететін, мектеп мұғалімдерінің жалақысын мен зейнеткерлердің жалақысын төлейтін қаражат. Сәйкесінше, ол бүгін ғана пайдаланатын ақша. Демек, біз бүгін тұтынған қаражатымыздың орнын бүгін толтыра алмай отырмыз. Демек,

карта алатындай қауқарымыз жоқ. Себебі бюджеттің 75 пайызы тікелей төлемдер: жалақы, зейнетақы, атаулы әлеуметтік көмек, стипендиялар. Сонымен қатар бұл төлемге мұқтаж адамдардың саны да күн санап артып келеді. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың қатарына шамамен жылына 350-400 мың жаңа адамдар қосылады. Оның барлығын қамтамасыз ету қажет. Жүйе күннен-күнге кеңейіп келе жатқандықтан, шығындарды қысқарту мүмкін емес. Сондықтан экономистер тарапынан әзірге жалақыны индексациялауды қоя тұрып, қазіргі шығындарды арттырып алмауға күш берген абзал деген пікірлер кездеседі.

— Осы тұста екі сұрақ туындайды. Біріншіден, бюджеттің кіріс-шығысын теңестіру үшін не істеу қажет, екіншіден, реформа жүргізу арқылы бюджеттік дағдарыстың салмағын шағын кәсіпкерлерге артып қоймаймыз ба?

— Егер салық мөлшерлемесін тым арттырса, салық төлейтін

кәсіпкер қалмайды немесе олардың саны күрт азаяды. Бұл феноменді «Лаффер сызығы» немесе «салықтың кері әсері» деп те атайды. Сондықтан мұндай жағдайда теңгерімді ұстау өте маңызды. Біз кәсіпкерлерге тікелей қатысты салық — «корпоративті табыс салығы» мен «жеке табыс салығы» көтеріп жатқан жоқпыз. Оны да көтерер



дәл қазіргі өзгерістер ұзақмерзімді перспективадағы мәселелерді шеше алмайды. Бюджеттің кіріс бөлігін көтеру үшін салықты көтерумен қатар, оның шығыс бөлігін де шектеп тастау қажет. Бірақ дәл қазір оны қыс-

болса, бизнеске үлкен қауіп төнген болар еді. Ал ҚҚС бұл кәсіпкерлерге емес, ол тауар мен қызмет құнына салынады. Мысалы, кәсіпкер нарыққа шығаратын тауардың бағасы 1000 тенге болса, оған 16 пайыздық ҚҚС

БІЗДІҢ СҰХБАТ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

үшін 160 теңге қосып сатады. ҚҚС бизнестің тұралап қалмауына бағытталған адаптивті салық. Демек, бұл халыққа салынған салық дер едім. Сондықтан оның 12-ден 16 пайызға көтерілгенінің негізгі салмағы халыққа түседі. Демек, бизнес өлмейді, бірақ қымбатшылықтың қамытын киетініміз анық. Екіншісі, бұл импортқа салынған салық деп аталады. Әсіресе, біздегі тауарлардың көпшілігі – импорт. Сондықтан мемлекет, егер импортты тұтынатын болса, сәйкесінше көбірек салық төлеу қажет деген қағиданы ұстанып отыр. Ал отандық тауарларды шығарушыларға ешқандай салық салынбайды. Елімізде өнім шығарып, оны экспорттайтын кәсіпкерлер үшін ҚҚС мөлшері – 0 пайыз. Бұл жерде екі маңызды мәселені айта кетуге болады. Біріншісі, халық импортты көп тұтынған үшін сол табысынан кәсіпкер мемлекетпен бөліседі. Екіншіден, азаматтарға отандық өнім шығарумен айналысуға сигнал беріп отыр.

жеңілдетілді. Осыған дейін кәсіпкер ҚҚС бірінші төлейтін, сосын оған қайтарып беретін. Қазір бұл процесс жылдам жүзеге асырылатындықтан, кәсіпкердің айналымға салатын қаражаты қалтасында болады.

– Елдегі 2,3 млн ШОБ иелерінің көпшілігі белсенді қызмет етпейді екен. Шын мәнінде, ЖІӨ үлесіндегі бұл кәсіпкерліктің рөлі қандай қазір?

– Қазір ел экономикасындағы ШОБ үлесі 20-30 пайыз аралығында. Қалғанын өңдеуші сектор, мұнай және металлургия, кен өндіру салалары құрайды. Орта бизнестің өзі ғана 7 пайызды құрайды. Қалғаны 20-21 пайыз шағын бизнес. Алдағы уақытта қазір талқыланып жатқан өзгерістер енгізілсе, осы орта бизнес өкілдері көбейетін болады. Себебі бұрынғы салық режиміне сәйкес бір бизнес өзін 4 шағын кәсіп иелеріне бөліп, арнайы салық режимімен жұмыс істейтін. Нәтижесінде, 3 пайыз ғана салық төлеп, ҚҚС төлейтіндердің қатарынан да тыс қа-

шын мәніндегі шағын кәсіпкерлер саны көп емес. Алдағы уақытта ешқандай салықтық оптимизация жасайтын саңылаулар қалмайды да, бәрі өз орнына қайтып келетін болады.

– Салықтан жалтару үшін бизнестің бөліну үрдісі бар екенін мемлекет қандай негізге сүйеніп айтып отыр?

– Мемлекеттік кірістер комитеті контрагенттердің желісі арқылы бұл процесті оңай анықтай алады. Мысалы, олар бір-бірімен тауар қызмет алмасу кезіндегі шот фактуралар айналымын бақылай отырып, қай бизнестің қалай бөлінгенін біліп отырады. Ірі бизнес өз тауарлары мен қызметтерін серіктестеріне (контрагенттеріне) сатады. Ал серіктестер бұл қызметтерден түскен табыстан тек 3% салық төлейді. Қалған ақшаны дивиденд ретінде қайтарады, яғни пайдасын өзара бөліседі. Осылайша, олардың қаржы айналымы ашық көрініп тұрады. Мемлекеттің қолында бұл статистиканың барлығы бар. Бірінші тран-

– Қазір отандық өнімдеріміз ішкі нарықтың сұраныстарын толық қамтамасыз ете алмай отыр. Белгілі бір тауар позицияларында қазақстандық өнімдер жеткілікті болса, кейбір қант, жарма, сүт және ет өнімдеріне келгенде одақтас елдердің өнімдеріне тәуелді болып отырғанымыз рас. Одан шығудың бір ғана жолы бар, ауылшаруашылық саласындағы өнеркәсіп орындары, сүт фермалары жүйесін дамыту. Бір кездері оған да басымдық бергенімізбен, өкінішке қарай, толыққанды жүзеге асыра алмадық. Әсіресе, желі ретінде дамыту үшін арнайы құрылғылар мен сүт сақтайтын цистерналар қажет болды. Сондықтан бұл индустрияны жолға қоя алмадық. Ал Беларусьте бұл индустрия мемлекеттік деңгейде жақсы жолға қойылған. Өзіміз шығарып оны сата алмай отырсақ, бұл әрине парадокс болар еді. Өзімізде өндірілетін өнімдерді де шетелден алып тұтынып отырсақ, әңгіме басқаша болар еді. Ал қазір импорттап отырған тауарлардың көпшілігі елімізде өндірілмейтін тауарлар. Кейде тіпті көрші елдерден көбірек қант, ірімшік, сүт өнімдерін экспорттауға мәжбүрміз.

– Парламент депутаттары алдағы уақытта Жаңа салық кодексінің жобасын талқылау барысында кәсіпкерлер қоғамдастығы тарапынан айтылып жатқан ұсыныстар қаншалықты ескерілуі мүмкін?

– Мемлекетке теңгерімді баланс қажет. Кәсіпкерлерге салсақ, әрине, салықты төлемей, кредиттік қаникулдар мен субсидиялар ала беруден ешкім бас тартпайды. Олар да ары қарай

өзінің орнықты аргументін айтып халыққа, депутаттарға жағдайды толық сипаттап, түсіндіруі қажет.

– Кәсіпкерлер нақты қандай талаптар қойып отыр?

– Менің бір естігенім, ҚҚС төлейтін кәсіпкерлерге арналған шектік межені 15 миллион емес, 30-35 млн теңге көлемінде қалдыру. Бастапқыда Үкімет ҚҚС мөлшерін 20 пайызға көтеру туралы ұсыныс айтқанда кәсіпкерлер 15-16 пайызға түсіруді сұраған. Мемлекет осындай саудаласу маневрін жасау арқылы халықты өзіне тиімді шешімге үйрете алды. Биліктің қазіргі негізгі мақсаты – шектік межені төмендету арқылы бөлшектік салық төлейтін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторын (ЭКЖК – ред.) көбейту. Енді шектік жеке 15 млн теңгеге дейін төмендесе, көптеген кәсіпкер ҚҚС төлеушілердің қатарына ілігіп қалады. Сондықтан олар міндетті түрде басқа жол іздейді. Дәл осы жерде бөлшектік салық төлейтін қызмет түрлеріне ауысуға мүмкіндік іздейді. Сол себепті бұл салық түрін төлейтін қызмет түрін 40 деп белгіледі. Депутаттар жеке кәсіпкерлік арқылы өзін-өзі асырап жүрген азаматтар ҚҚС төлеушілер қатарына ілігіп қалмауы үшін осы тізімнің жалпы санын 60-70-ке жеткізу туралы ұсыныс айтуы мүмкін. Бұл өте орынды да. Өйткені ҚҚС-тің шектік межесін төмендетудегі негізгі идея шағын кәсіп иелерін қысу емес, орта бизнестің бөлінуіне шектеу қою болатын. Сондықтан ЭКЖК мәселесінің де

САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ШОК ТЕРАПИЯ



– Демек, осы арқылы мемлекет өңдеуші сектордың дамуына стимул беріп отыр деп айта аламыз ба?

– Иә, өйткені енді өндірушілер үшін Қазақстанда тауар шығарып, оны шетелге экспорттау өте тиімді бола түседі. Өйткені ҚҚС жоғары болғандықтан, отандық өнімдер бәсекелестігі жоғары, бағасы арзан болады. Бұл инвесторларды тартудың да бір амалы дер едім. Өйткені импорттық тауарлар үшін ҚҚС 16 ал жергілікті өнеркәсіп үшін 0 пайыз. Сонымен қатар цифрландырудың әсерінен ҚҚС экспортшыларға қайтару жолы

лып келді. Сондықтан статистикадағы орта бизнестің де үлесі аз болды. Енді оған бөлінудің қажет жоқ, өйткені ҚҚС шектік межесі 15 млн теңгеге түскеннен кейін екеуі де бірдей салық режимімен жұмыс істейді. Төрт жеке кәсіпкерліктің бәріне бірдей 4 бухгалтер ұстап, есеп жүргізудің қажеті қанша?! Осылайша, олар алдағы уақытта іріленіп, саны да көбейе бастайды. Сондықтан алдағы уақытта шағын кәсіптің статистикасы азайып, орта кәсіп иелері артатын болса, оған аса бір мән беріп қажет емес. Өйткені оның барлығы статистикалық ойын және бізде

закциялар шлюзінен, екінші шот фактуралардан, үшінші актілер мен келісімшарттардың жасалуынан қарайды. Үкімет үшін бұл мәселе бұрыннан белгілі. Біздегі салықтан жалтару «есіктері» деп аталған бұл китүрқы жүйені ірі бизнес қолдана алған жоқ. Бірақ орта бизнес 20 пайыз КТС төлемей, 3 пайыз төлеп, осы салық режимін «жақсы» пайдаланды.

– Салық реформасы Қазақстан мен одақтас елдері арасында тауар айналымына қалай әсер етуі мүмкін? Қазір дүкен сөрелерінде қобіне ресейлік, беларусьтік тауарлар кездеседі.

“ Егер салық мөлшерлемесін тым арттырса, салық төлейтін кәсіпкер қалмайды немесе олардың саны күрт азаяды. Бұл феноменді «Лаффер сызығы» немесе «салықтың кері әсері» деп те атайды. Сондықтан мұндай жағдайда теңгерімді ұстау өте маңызды.

дамып, өз бизнесін барынша қорғауға әзір. Оған да түсіністікпен қараймыз. Бірақ сол секілді мемлекеттің де өзіндік мүддесі бар, ол бюджетті қалыптастыру қажет, салықты жинап оны тиімді үлестіру қажет. Сондықтан мемлекет пен кәсіпкерлер арасында сауда жүреді. Мемлекеттің де асып кетпеуі тиіс белгілі бір қызыл сызығы, межесі бар. Одан асып түсе алмайды. Кәсіпкерлердің де өзіндік ұсыныстары бар. Парламентте осы мәселе аясында сауда жүреді, қызу пікірталас пен мәлімдемелер болады. Депутаттар арасында да бизнестен келген азаматтар бар. Кәсіпкерлердің сөзін сөйлейтін партиялар бар. Олар да бизнестің жоғын жоқтап, сөзін сөйлейді. Сондықтан қоғам қызу дебатқа куә болуы мүмкін. Онсыз Парламент Парламент болмайды. Үкімет дәл осы тұста

тиімді шешім табу қажет. Егер барлығын қайта осы қызмет қатарына қосып жіберер болсақ, баяғы бөлініп жүрген кәсіпкерліктер ары қарай да сол бөлінуін жалғасыра бермек. Осылайша, 4 пайыздық бөлшек салыққа ауысып алады. Нәтижесінде, біздің Салық кодексіне жасаған реформамыздан ешқандай нәтиже шығара алмауымыз мүмкін. Ең бастысы, бізге орта бизнестің бөлшектенуін тоқтатып, шағын кәсіп иелеріне де зиянымызды тигізіп алмау қажет. Парламент пен Үкімет барлығын жіті талқылап, ортақ балансты сақтайтын әділ шешім шығаруы керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

ТҰЛҒА

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Ән королі Шәмші болса, күй дүлдүлі Нұрғиса еді. Екеуі де бір ғасырдың түлегі. Екеуі де болмыс-бітімі басқа, табиғаты ән мен жырға бөленген, жаратылысы бөлек жандар еді. Екі бірдей Алатаудың өнердегі мұрасы да мәңгілік. Биыл ән мен күйдің асқар тауы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл болды. Қазақ музыка өнеріне өшпес мұра қалдырған әйгілі композитордың, Қазақстанның Халық қаһарманының мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланады. Бұл – қазақтың дарынды ұлына, ғасыр тұлғасына жасалған құрмет.

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

Қазақстанның Халық әртісі, әнші Нұрғали Нүсіпжанов өзінің жарты ғұмырын, яғни 51 жылын композитормен бірге өткізгенін, дара тұлғаның мәңгілік сағынышқа айналғанын жазды. Ол өз жазбасында: «Нұр Аға – менің мәңгілік сағыныш, мұныма айналған алтын жүректі асылдардың ішіндегі айрықша асыл адам. Аяулы ағамен 51 жыл сырлас болдым, 51 жыл мұндас болдым, 51 жыл сапарлас болдым. Достығымыз бір туған бауырлыққа ұласқан бақытты ұрпақпыз. Анамның ақ дастарқанынан талай дәм татып, ауылыма барып, аунап-қунап қайтатынбыз. Тумаса да, туған ағатайымдай қорған болды, мейіріне бөледі, қамқорлығын да аямады. Мені еркелетіп, «Нұрғаш» деуші еді. Бірер күн көрмей қалса, «Аңсатып, сағындырып қайда жүрсін, тез жет» деп қоңырау соғатын. Аға сөзі екі рет қайталанбайды, тіпті талқыланбайды. Обалы нешік, ол кісінің бір сөзін екі еткен кезім болған емес. «Жет» деді ме, өліп-тірілсем де жетем. Филармонияда кездесеміз. «Отырар сазының» репетициясы қызып жатады. Тұғырына қонған қырандай Нұраған қырағы еді ғой. Есіктен енгенімен «коронный әндерімен» оркестрді дүркіретіп ала жөнеледі. «Сарыжайлау» дейсіз бе, «Өз елім» дейсіз бе, «Алатау» дейсіз бе, қойшы әйтеуір менің даусыма арнап жазған әндерін бір-бір әуелетіп айтқызып, айызы қанған соң ғана құшағына ыстық ықыласпен қысатын. Сонда: «Қайда жүрсін адальым-ау, жалғызым-ау» деп маңдайымнан өпкенде, екі көзінен аққан жас кеудесін жуып тұратын. Қалай болғанда да, Нұрғиса Тілендиевтің «Адалым-ау, жалғызым-ау» деген екіауыз сөзін мен ешбір атак-даңққа айырбастай алмайтындымы анық білем. Нұрағанды алтынға балаймын. Мен мүмкін сол алтынның жай ғана сынығымын. Нұрағам Тау болғанда, бәлкім сол таудың бір етегімін», – деп жазады.

ТЕНДЕССІЗ ДАРЫН ИЕСІ

Әйгілі «Қыз Жібек» фильміндегі Төлегеннің әндерін орындаған әнші, Қазақстанның Халық әртісі Қайрат Байбосынов бала кезінде-ақ Нұрғиса Тілендиевтің ақ батасын алып, оқуын композитордың бақылауында үздік аяқтағанын айтты. Әнші Нұрғиса Тілендиевпен бірге жүрген кездегі жылы естеліктерін айтып берді.

«1963 жылы бізге Алматыдан Абай атындағы Опера және балет театры келді.



Нұр ситатты

Ол кезде 13 жастағы баламын. Мені шақыртып алып, домбырада ән айтқызыды. Сонда мені тыңдап отырғандар кілен қазақ әдебиетінің қаймақтары екен. Домбырада ән айтып болғаннан кейін, фортепианода Нұрғиса Тілендиевтің «Жан сәулем» деген әнін орындадым. Сол сәтте өзі де сахнаға жүгіріп шығып, пианинода әнге ілесе кетіп бірге орындады. Менікі шырылдаған бала дауыс. Ән біткеннен кейін Нұрғиса Тілендиев мені көтеріп алды да бетімнен сүйіп

Сол жылдары Нұрғиса ағамыздың қасында көп жүрдім. Үйіне барса үйіне барып, киностудияда тыңра са мен де сол жерге баратынымын. Байқағаным, Нүрекең отырып алып киноға арнап небір күйлер, мақамдар шығарады. Сондай қабілетіне таң қалатынымын. Туындыларының көбі «Қыз Жібек» киносы түсіп жатқан уақытта бұрқырап шықты. Бұл уақыт Нүрекеңнің творчествосының ең гүлденген кезі, жайқалған шағы болды. Одан бертінде

лығының, жетістігінің алдында Нұрғиса Тілендиевтің портреті тұр. Өзі дүниеден кетсе де халыққа шапағаты әлі тиіп жатыр», – деп еске алды Қайрат Байбосынов.

АЛАШТЫҢ АЛАТАУЫ

Ғалым, профессор Серік Негимов те ерекше екенін айтып, өзі кездескен, көз көрген жан туралы айрықша ықылас білдіріп, лебізін жеткізді. Ғалым композитормен көзі тірісінде бірнеше рет жүздескенін айтады.

«Сұңқарлық, түйғындық, тұлғалық қасиеттердің, шамырқанған бұла шабыттың иесі, күй өнерінің бұланайы Нұрғиса аға Тілендиев еді. Біз Кемпірбай ақынды, ағаш аяқты Шашубайды көрген жоқпыз. Бірақ та олар жайындағы қызықты әңгімелерді, шежірелерді естіп өстік. Олардың бірнеше өнерді меңгергенін, әншілігі, жыршылығы, жолбілерлігі, клоундығы, әсіресе Шашубайдың шай үстінде аяқ-қолы ыдыс-аяққа тимей, ойын көрсететіні, ағаштың басына шығып кететіні, не болмаса, қарнына таяқ қойып жүретіні туралы естігенбіз. Сол секілді Нұрғиса ағамыздың да күйшілік өнерін көргенде, композиторлық дарынын байқағанда, жүріс-тұрысын, қимылын көргенде – сол бір ұлы дара-боздардың болмысы байқалатын еді.

Бауыржан Момышұлы Нұрғисаны бірде өзінің Жуалысына салтанатты тойға алып барады. Екеуі де бітімі бөлек, болмысы айрықша жандар еді. Екеуі де бетің бар, жүзің бар демей, ойындағысын ақтарып қойып отыра беретін, турашыл, тік мінезді адамдар. Сонысына қарамастан, бір-бірін құрмет тұтты, бірге жүрді. Сол Жуалыға барғанда елдің алдында Нұрғиса



1963 жылы бізге Алматыдан Абай атындағы Опера және балет театры келді. Ол кезде 13 жастағы баламын. Мені шақыртып алып, домбырада ән айтқызыды. Сонда мені тыңдап отырғандар кілең қазақ әдебиетінің қаймақтары екен. Домбырада ән айтып болғаннан кейін, фортепианода Нұрғиса Тілендиевтің «Жан сәулем» деген әнін орындадым. Сол сәтте өзі де сахнаға жүгіріп шығып, пианинода әнге ілесе кетіп бірге орындады.



«Маған бала боласың ба?» деді. «Боламын» дедім мен. Міне, осындай сөз аузынан шыққан күннен бастап композитордың баласындай болып кеттім.

Оқуды бітіріп Алматыға келгенімде Жүсіпбек Елебековтің сыныбына түстім, шәкірті болдым. Жұма сайын, кейде айына бір рет Нүрекең келіп менің сабағымнан хабар алып кететін. Бір жыл оқығаннан кейін 1968 жылы Тілендиев келіп: «Жүсеке, «Қыз Жібек» деген кино түсірілейін деп жатыр. Қайратқа сол кинодағы Төлегеннің әндерін орындағандың деді. Сөйтіп, 18 жастан енді асқан шағымда фильмдегі Төлегеннің әндерін орындадым.

талай шетелдік сапарларда бірге жүрдік, әндерін орындадық, кейде үйіне шақырып алып өзінің әндерін үйретіп отырды. Ал күйшілік жағының өзі бір бөлек әңгіме ғой. Оның аспаптарда ойнау шеберлігіне, музыкалық туындыларына ұқсайтын өнер иесі жоқ, теңдессіз жатқан таланты ерекше жан еді. Дарынды композитор, дирижер, күйші, жалпы қазақтың маңдайына біткен нағыз өнер майталманы болса, ол – Нұрғиса Тілендиев. Оның мол мұрасын халық әлі күнге дейін тамсанып тыңдайды, жастарымыз бірінен-бірі асып, көпшіліктің арасында топ жарып орындап жүр. Олар қандай биікке көтерілсе де, шығармашы-

ТҮЛҒА

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

аға башпайымен күй тартыпты. Сонда аға айтады екен: «Мен әкемнің бір ғажап өнерін үйрене алмай қалдым. Менің әкем пышақтың жүзімен күй тартатын еді» деп. 1971 жылдың 8 қарашасында опера әншісі Бақыт Әшірованың туған күні болды. Сол дастарқанда Нұрғиса Тілендиев, Тұманбай Молдағалиев, Қайрат Жұмағалиев, Асқар Сүлейменов, Мұрат Әуезов, Алтыншаш Жағанова, Нәзікен Алпамысқызы бас қосты. Сол отырыста біз Нұрғиса ағаның ерекше қалыбына, болмысына қанығып, риза болып едік. Қимылы шапшаң, жүріс-тұрысы бөлек, көзі ойнақы, бітімі бөлек кісі екен. Дастарқан басында Бақыт апамыз «Күе бол», «Құстар әнін» тағы басқа Нұрғиса ағамыздың бірнеше әнін шырқады.

Одан кейін де Нұрғиса ағаны жиын-тойларда жиі көріп жүрдік. «Отырар сазы» оркестрінің бірнеше концертін тамашаладық. Дирижерлігі бір төбе болса, күйшілік орындаушылығы бір төбе еді. Ол кісінің күй тартқандағы қимылы, іс-әрекеті бөлек-ті.

Кезінде Әбдіжәміл Нұрпейісов ол жөнінде: «Нұрғисаның денесін керіп тастасак, бір кішкентай бөлшегінің өзі ән салып жатады» деп жазып еді. Шәкәрімнің: «өз дененді нұрлы қыл» деген сөзі бар.

Нұраған шығарған күйдің бәрі сол кісінің сүйегінен, табиғатынан шығып жатқандай! Нұрғиса Тілендиевтің әндерінің, күйлерінің рухани кеңістігінде, көркемдік мазмұнында ұлы даланың мың

далалық болмысы осы Нұрғиса күйлерінде деп білеміз. Бұл — ғасыр тұлғасы! Нұрғисаның мұрасы — ол ғасыр куәгері. Ол туындылар — қазақтың дәрежесі, мәртебесі, биігі», — дейді ғалым.

«АТА ТОЛҒАУЫ» —
НАҒЫЗ КЛАССИКА

«Ақ жауын» мемлекеттік камералық оркестрінің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері, күйші Секен Тұрысбек Нұрғиса Тілендиевпен талай жыл өнердің бір арнасында жүріп, оның музыка саласындағы бейнесіне куә болды. Белгілі күйші Тілендиевтің шығармашылығынан туған бірқатар күйлердің астарына үңіліп, оның мазмұнын ашып айтып берді.

«Нұрғиса Тілендиев нағыз күйшіліктің үлгісін бір қалыпқа салған өнерпаз. Екеуіміз 16 жыл бірге жүрдік. Оның «Егер 300 ән жазсам, оның 10-ы орындалатын болса, бұл мен үшін үлкен жетістік болар еді» деп айтып отыратын. Оның әр күйінің астарында бір мән жатыр, ол кездейсоқ тумаған.

Қарап отырсаңыз, «Көш керуен» күйі — Токаның «Саржайлау» деген күйі. Бұл күй алғаш рет 1975 жылы пластинкаға шыққан еді. Оны «Қыз Жібек» фильмінде қалай ұтымды пайдаланды. Бұл киноны музыкасыз елестетіп көріңізші, бір фильмді тірілтіп отыр. Одан бөлек, қаншама фильмге ән жазды. Б.Соқпақ-

Қайрат Байбосынов ағамыздан естіп едім, Мұқағали Мақатаевтың бір айтқаны бар екен: «Боорлаштарым» күйі — қырғыз ағайынына деген жылылыққа негізделген күйі». Бұл да бір әдемі туынды болып тарихтың алтын қорында сақтаулы тұр. Мұны біздің «Ақ жауын» камералық оркестрі жиі ойнайды.



«Ата толғауы» — нағыз классика. Бұл күйде қазақтың, ата-бабамыздың толғанысы, ойланысы, болмысы дәл суреттелген. Бұл күйді де оркестрмен орындадық, 80-жылдардың басында бишілер «Ата толғауы» күйіне «Асатаяқ биі» деп би қойды.



«Ата толғауы» — нағыз классика. Бұл күйде қазақтың, ата-бабамыздың толғанысы, ойланысы, болмысы дәл суреттелген. Бұл күйді де оркестрмен орындадық, 80-жылдардың басында бишілер «Ата толғауы» күйіне «Асатаяқ биі» деп би қойды.

«Отырар сазы» оркестрін алдында Болат Сарыбаев, Сейілхан Құсайынов, Серік Нұртазин, содан кейін барып 80-жылдардың басында Д.Қонаевтың қолдауымен Нұрғиса Тілендиев қайта тірілтіп, оркестрдің шаңырағын тік көтерді.

Биыл біртуар күй дүлдүлінің 100 жылдығына орай еліміздің үш қаласында Түркістан, Шымкент, Таразда «Ақ жауын» камералық оркестрі мен мемлекеттік «Алтынай» мемлекеттік фольклорлық-этнографиялық би ансамблі Нұрғиса Тілендиевке арналған шығармашылық кеш өткізбекпіз», — деді күйші Секен Тұрысбек.

дылары туралы айтты. Әңгіме арасында күйшінің туындыларын жиі тындап, рухтана түсетінін, рухани байлыққа кенелетінін жеткізді.

«Нұрғиса Тілендиевтің казак өнеріне қосқан үлесі орасан зор. Әр композитордың болашағында композитор болуы өскен ортасы мен туған жеріне тікелей байла-

нысты. Ал Нұрғиса ағамыздың әйгілі болуына Жетісу өңірінің күйшілік мектебі, одан әріде Сүйінбай, Жамбылдардан жұққан болуы керек. Жетісудың әсем табиғатында еркін өскен тұлғаның композитор болуы да заңдылық деп ойлаймын. Тілендиевтің өнерге, күйшілікке қосқан үлесін жай ғана «Әлкисса» күйін алып қарауға болады. Күйшілікте төкпе күй және шертпе күй деген ұғым бар. Нұрғиса Тілендиевтің тапқырлығы мен ұтқырлығының биік болуынан, композиторлық ерекше стилінің болғанынан «Әлкисса» күйінде төкпе мен шертпе күйін қатар араластырып, бір күйдің ішіне сыйғызды. Ол Алтай мен Атыраудың арасындағы күйшілік дәстүрін, халықты біріктіріп, бір күйді сүйіп тын-датуы ұлы композитордың ғана қолынан келеді. Тілендиевтің ізбасары болуы үшін қажырлы еңбек керек, Нұрғиса болып туу керек. Қазір Нұрғиса ағамыздың ізін қуған дарынды тұлғалар жоқ емес, өте көп. Нұрғиса Тілендиев туралы біраз зерттеп, оның жолымен жүріп, күй шығарып, жұртты күйге тартып жүрген жанның бірі — Нұркен Әшіров. Нұрғиса Тілендиевтің бейнесі казак өнерінде шоқтығы биік күйінде суреттеліп қалды. Оның күйшілігі бір төбе болса, композиторлығы бір төбе.

Композитор Кеңес заманында өмір сүргендіктен, басқа да халықтардың әуенін тауып пайдаланды. Өйткені сол кездің құрылымы солай еді. Қандай жағдай болса да, Тілендиев шығармаларында қазақы үннің, нақыштың бояуы басымырақ», — дейді дирижер.

Бір өзі — бір оркестр. Әні де ғажап, күйі де тамаша.

Мұзафар Әлімбаев:

«Күйден алау жақтыратын Нұрғиса,
Ойды көзбен бақтыратын Нұрғиса,
Шабынғалы тұрған долы барысты
Маужыратып сап тыятын Нұрғиса»
деп жырлайды.

Күй — қазақтың ежелден мұңдасы, сырласы, жансерігі. Нұрғиса Тілендиев күйлерінің ерекшелігі де осында.

Ең қызығы Тілендиев әндерінің ішінде осалы жоқ. Бір Нұрғиса-Мұқағали тандемінен 32 ән туған. Ал оның 50-ден астам драмалық қойылымға, 19 көркем фильмге, 17 мультипликациялық фильмге, 14 деректі-хроникалық фильмге музыка жазғанын білесіз бе?

Ән мен күйге, музыкаға деген талғамы қандай?! Оның қайталанбас тұлғасы мен туындылары әрдайым оны өзгелерден даралап тұрады. Қазір Нұрғиса бейнесі әлдеқайда алыстап, биіктеп кеткен. Әні мен күйі барда Нұрғиса есімі өлмейді, өмір сүре береді. Әлі талай ғасыр ән боп шырқалып, күй боп шертілері анық. Нұр сипатты Нұрғисаның мұрасы мәңгілік, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Айна ХАСАН

Нұрғиса



түрлі, мың қырлы, мың әуезді сипаттары бар. Ұлттың дүниетанымы, көркем табиғаты, тарихы, шежіресі, сезімі, рухы, жаны ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығында жеткілікті. Өте терең, толық, жан-жақты сипатталған.

Нұрғисаға Алла Тағала айрықша қасиеттерді берген ғой. Күй дегеннің бәрі ол кісінің табиғатынан шығып жатқан нәрсе. Құрманғазы, Дина, Ықыластың күйлері сияқты Нұрғисаның да шығармалары мың жылдықтармен өлшенеді. Ұлы даланың


баевтың «Менің атым Қожасында» да балалар табиғатын жақсы танып, ерекше суреттеді.

Біз халық күйі деп айтып жүрген «Аққу» күйін Байжігіттің, басқалардың орындағанын естіп, тындадық. Бірақ сол күйді тірілткен, әрі қарай жетілдірген, шыңына шығарған — Нұрғиса Тілендиев. Одан бөлек, күйшінің қырғыз еліне арнаған күйі де бар. «Боорлаштарым» күйін әкемнің күйі дейтін еді. Алайда әкесі күй шертпеген. Сонау жылдары әнші

КҮЙ ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығындағы күйшілік, композиторлық туындылары қазір жастардың орындауында да көпшілікке ұсынылып жүр. Бұдан күй дүлдүліне еліктеп, үлгі тұтатын өнер иелерінің көптігі айқын көрінеді. Соның бірі — Құрманғазы оркестрінің бас дирижері Абылай Тілепберген. Ол Нұрғиса Тілендиевтің күйшілік стилі мен шоқтығы биік композиторлық туын-

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



ЭКРАН

Былтырдың басты жанры – хоррор. Киносарапшылар 2023 жылдың соңында көрермен назарына ұсынылған «Дәстүр» туындысы еліміздің кинематографистеріне жақсы дәстүр бастап бергенін айтады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін көтерген картина 1,8 млрд теңгеден астам касса жинап, қоғамда үлкен резонанс тудырғаны есімізде. Бюджеті ұнады ма, әлде бағыты қызық болды ма белгісіз – отандық киногерлердің қорқынышты фильмдерге көзқарасы өзгере бастағандай. Қалай?



А Айдана НҰРМҰХАН

Хоррор жанрындағы картина күні кеше ғана көптің қызығушылығын тудырғанымен, соңғы онжылдықта бұл бағытта бірнеше фильм көрермен назарына ұсынылған. Мысалы, 2013 жылы Еркін Рақышевтың «М-агенті» шықты. Фильм сюжеті қарапайым: жол апатынан қаза тапқан әйел «М-агент» мессенджерінде танысқан адам-

ханов пен Еркебұлан Жолдасовтың «Фуга: дороги в никуда» көрерменге ұсынылды. Киношолушылар бұл туындыны «көбірек комедияға ұқсайды» деп сынады. Бұдан соң 2018 жылы бес бірдей картина – «Каракөз» (Роман Сидоренко, Максим Якобчук), «Проявлен-

ҚАЗАҚЫ

ХОРРОР ОЯНДЫ

казак мифологиясын сөйлетуге тырысты. Презентациясы керемет болғанымен, фильмнің өзі сол деңгейге жете алмады. Дәл сол сияқты Олжас Баялбаевтың «Взаперти» туындысы да жағдайды түбегейлі өзгерте алған жоқ.

«ДӘСТҮР» ДӘСТҮРДІ БАСТАП БЕРДІ

Хоррор – жылдар бойы отандық кинематографистерге бой бермей келді, әйтсе де, 2023 жылдың соңында бұл бағытта түсірілген «Дәстүр» фильмі алғаш рет көрерменіне ұнады. Несімен?

Бұл туынды танымал «Ирина Кайратовна» тобының режиссері Куаныш Бейсектің дебюті болды және киносыншылардың лайықты бағасын алды. Киношолушы Ғалия Байжанованың пікірінше, хоррор жанрындағы кез келген туынды үшін аса маңызды аспект – әлеуметтік астарының болуы. «Дәстүр» фильмін тартымды еткен дүние – оның жергілікті менталитетті «жерсіне» алуы, яғни күнделікті тұрмыстағы қорқыныш, ырым-тыйым, діни сенімнің шынайы берілуімен ерекшеленді.

«Еліміздегі хоррор фильмдерді сәтсіз ететін себептердің бірі – мұсылмандық, қазақы ортаның сайтани қиялын ислами сенімі шектейді. Ал «Дәстүр» екі оқпен бір қоян атып алды: ол – алғашқы жұлдызы жанған хоррор әрі ислам эстетикасы мен этикасын әсерлі көрсете алған алғашқы қазақы кино, ал

сапасы тіптен бөлек әңгіме. Оның үстіне, фильм көрерменін тылсым және ырым-тыйым әлеміне жетелейді, ал бұл дүниеге сенетіндердің аудиториясы кең. Барша қазақ өзін мұсылман санай тұра, барлық Құран сүресін жатқа біле бермейді, ал көз тию мен дуалауға сенетіндердің қарасы басым», – деп жазады киношолушы.

Сарапшылардың ойынша, «Дәстүрдің» қоғамдық резонанс тудыруының тағы бір себебі хоррор жанрындағы батыс пен шығыс фильмдерінің мазмұнын көшіріп бермегені еді.

«Куаныш Бейсек адам санасының сол бір иррационал, тұңғыш, ұжымдық бейсана тереніне бойлай алды, өмір бойы қорқыныштың қамытында өмір сүретін және онысын саналы түрде аңғармайтын жандардың терең үрейін дөп басты. Дебютант отандық басқа режиссерлер сияқты батыстың не шығыстың танымал хоррорын көшіріп берген жоқ, картинаны орынсыз «скример» немесе мазасыз музыкамен ауырлатпады (қайта домбыра үні сәтті пайдаланды). Бір эпизодта бас кейіпкердің

жанры біздің киноиндустрияға кеш келді және күні бүгінге дейін кенжелеп дамып жатқан сала. Оның себебі – аталмыш жанр мектебінің қалыптаспауы. Бізде тарихи, биографиялық, балалар фильмдері сияқты жанрларға қалам тербейтін сценаристер мен режиссерлер жетерлік. Ал хоррор бағытында түсірілген санаулы ғана фильмдер бар. Оның өзінде коммерциялық мақсатты көздейді, өйткені киноның басқа салаларына көрсетілетін қолдау мұнда жоқ. Хоррор фильмдерінің спецификасы, табиғаты, сценарий, режиссура тұрғысынан жасалу жолдары мүлдем бөлек. Бұл жанрмен ұтымды жұмыс істей алатын мамандар да тапшы», – дейді киносыншы.

Ержан Жұмабектің айтуынша, әйтсе де бұл жанрға сұраныс бар. «Оның бір дәлелі – «Дәстүр» фильмінің жақсы касса жинай алуы. «Дәстүрді» – хоррор жанрының жарқын бір үлгісі дей алмаймыз, сценарий, режиссура тұрғысынан әлсіз тұстары бар. Дейтұрғанмен, осы картинаның мысалында біз қазақ көрерменінің экраннан өз бейнесін, өмірлік оқиғасын, кейіпкерін көруге деген ынтасын байқай аламыз. Сондай-ақ голливудтық, шетелдік, тіптен қырғызстандық хоррор картиналар көрермен қызығушылығына бөленіп, жақсы көрсетілім жинап жатыр әрі әлеуметтік желілерде де қызу талқыланады», – дейді киносыншы.

Киносыншылар айтатын тағы бір қызықты пікір бар: елімізде бұл жанрдың ақсап тұруының бір себебі – режиссерлердің хоррорды жанр ретінде місе тұтпауы. «Отандық кинематографистер хоррорды – «жаттығу» жанры деп қабылдайды. Шын мәнінде, көрерменді қорқыту – күрделі іс, әсіресе, күнделікті жаңалықтар желісі адам шошытарлық оқиғаларға толы екенін ескерсек, қатып қалған көңілге үрей ұялату – өнердің шыны деуге болады», – деп жазады киношолушы Ғалия Байжанова.

Соңғы уақытта хоррор жанрына режиссерлердің, әсіресе жас киногерлердің қызығушылығы артып келеді. Бұл жанрда немесе хоррор элементтері бар фильмдер шығып жатыр.

Былтыр бірқатар ауқымды жобалар жарық көрді. Ақан Сатаевтың өткен күндердің үрейлі әңгімелерін еске салатын «Анель» фильмі, Әділхан Ержановтың «Кадет» философиялық туындысы, Анвар Мәтжановтың қазақтың бай мифологиясы мен заманауи көрерменнің талаптарын шебер үйлестірген «Жезтырнақ» фильмі көрермен назарына ұсынылды.

Ержанның Жұмабектің пікірінше, еліміздегі хоррордың болашағы әлі алда. «Әсіресе, қорқынышты қысқаметражды туындыларды жиі байқап жүрміз. Дегенмен қазақ киносында бұл жанрдың орны ойсырап тұр. Әйтпесе, аталмыш жанрға сұранып тұрған ұлттық мифтер, аңыз әңгімелер, наным-сенімдер негізделген бай мұрағат бар», – дейді сыншы.



дарын бірінен кейін бірін өлтіреді. Идеясы – өліміне кінәлілерді жазалай алмаған құқық қорғау органдарына ренжулі марқұмның кегі арқылы аталмыш жүйедегі олқылықтарды көрсету. Әлеуметтік астары айтылғанымен, қорқынышты жанрдың қалыбын бере алмады. Кейін 2014 жылы Самат Базы-

ие» (Нұрлан Батыров, Нияз Абдығаппар), «Қараман» (Дастен Шакиров), «Во мраке» (Данияр Акшабаев), «Заклятие оракула» (Бақтияр Сейтқазиев) жарыққа шықты, бірақ хоррор сүйетін қауымның үмітін ақтай алмады. 2024 жылы көрерменге ұсынылған Қайрат Темірғалидың «Алас» веб-сериалы хоррор жанрында

БІЗГЕ НЕ ЖЕТІСПЕЙДІ?

Киносыншы Ержан Жұмабек хоррор жанрының кенжелеп тұруының негізгі себебін мектептің болмауымен байланыстырады.

«Қазақ киносының өткеніне көз жүгіртетін болсақ, хоррор

АЙМАҚ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



БАТЫРМАСЫ СӘН ҮШІН ТҰР МА?

Өркениетті елдерде қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы орта қалыптастыра отырып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор басымдық берілген. Халық көп шоғырланған немесе тұйық көшелерде тосын оқиғаға тап келсеңіз, бір тетік арқылы көмек шақыра аласыз. Мұндай жүйе Smart City жобасы аясында 2021 жылдан бастап Тараз қаласына да қойыла бастаған болатын. Алайда соңғы төрт жылдың бедерінде осы SOS дабыл түймесі арқылы қылмыскердің құрықталғанын естімеппіз. Сонда SOS батырмасы шаһарда сән үшін тұр ма?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Жамбыл облыстық Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, бүгінде Тараз қаласында мұндай 10 дабыл батырмасы орнатылған екен.

— Қазір шаһардағы 10 батырманың 8-і толығымен жұмыс істеуде. Ал қалған екеуінің аумағында электр желісі жүргізілмегендіктен іске қосылмай тұр. Бұл батырмалар саябақтарда, халық көп жиналатын жерлерге, скверлерге қойылған. Оның ерекшелігі — дабыл түймесін басу арқылы тұрғындар полициямен байланысып қана қоймай, қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық туралы хабар бере алады. Аталмыш жүйеде батырманы басқан соң, құрылғы орналасқан аумақ бейнекамераға түсіріліп, жедел басқару орталығындағы оператормен тікелей байланыс орнайды. Артынша шұғыл шақырту түскен орын қала картасынан нақтыланып, оператор бейнематериалды ашады. Кейін шаһар тұрғынының хабарламасына қарай қажет болған жағдайда патрульдік



полиция оқиға орнына жедел жіберіледі. Бұл полициямен көнігі қалта телефонымен байланысканнан әлдеқайда жедел әрі тиімді. Себебі батырманы басқаннан кейінгі әрекеттің барлығы бейне

таспаға жазылады. Яғни, бейнежазбаға сол маңдағы күдіктінің іс-қимылы да ілігеді, — дейді департаменттің баспасөз қызметі.

Алайда бір қызығы, дабыл батырмалары іске қосылған 4 жылдан бері ол арқылы полицияға бірде-бір шақырту түспепті. Бұл көне шаһарда қылмыстық әрекеттердің орын алмай жатқанын көрсете ме, әлде тұрғындар дабыл батырмаларының бар екенінен бейхабар ма?

Қала тұрғыны Қуаныш Байғараевтың айтуынша, жергілікті полиция қызметі тарапынан ақпараттық түсіндіру жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмегендіктен тұрғындар дабыл батырмасын көргенімен, оның қызметін мүлде білмейді екен.

көп жиналатын орындарда ұрлық, бұзақылық сынды қылмыстар болып жататыны ақиқат. Егер сол мезетте қиындыққа тап келген адам құрылғыдағы түймешені басса, құқық бұзған азамат сескеніп, батырманың маңына жуымайды деп ойлаймын. Себебі ол да бейнекамераға түсіп қалмаудың қам-қарекетін жасайтыны сөзсіз. Оның үстіне, оқиға орнына полиция да жедел жетіп, мән-жайды анықтайды. Бір сөзбен айтқанда, батырманы басып, көмек сұрағандар ең әуелі өзін қауіпсіз сезінеді. Осы тұрғыдан алғанда дабыл батырмаларының қойылуы өте құптарлық. Өзім де сол құрылғыны 3-4 жерден көрдім. Алайда оның қызметіне жүгініп, пайдаланып көрейік дейтіндерді байқаған емеспін. Тіпті, кей адамдар қалада осындай батырмалардың бар екенін білмейтін де болуы ықтимал. Мұның басты себебі — құқық қорғау қызметтерінің ақпараттық түсіндіру жұмыстарын салғырт жүргізуінде, — дейді Қуаныш Сексенбайұлы.

Ал шаһар тұрғыны Алдияр Аспанбеков SOS батырмасының қызметін өзі тексеріп көріп, көңілі толмағанын айтады.

— Қаладағы бұзақылықтар мен қылмыстар туралы күнделікті естиміз. Өзіміз куә болған сәттер де аз емес. Ал солардың алдын алу үшін осындай құрылғылардың орнатылып жатқанын өте қолдаймын. Оның үстіне, қазір цифрлы технологиялардың дәуірі. Біз де өркениет көшінен қалмауымыз керек. Алайда бұл батырмалар туралы көп

азаматтың жеке деректерін тәптіштеп, қайта-қайта сұрай береді. Сөйтіп тұрғанда, кемінде 3-5 минут уақытың өтіп кетеді. Осы уақыт аралығында қылмыскер өзінің арам ойын жүзеге асырып кетуі мүмкін ғой. Ал оның соңы орны толмас өкінішке соқтыратыны белгілі. Сондықтан шынымен батырмалардың тиімділігін көргіміз келсе, оларды кенінен насихаттап, жұмысының жылдамдығын да жүйелі жолға қойғанымыз жөн, — дейді Алдияр.

Дегенмен облыстық Полиция департаменті өкілдерінің бұған қатысты айтар өз уәжі бар.

— Аталған құрылғы бойынша жұртшылыққа жергілікті телеарналар және Instagram, Facebook әлеуметтік желілері арқылы толықтай түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ олардың жұмысы да ұдайы зерделеніп, ақаулары да дер кезінде жөнделуде. Бұған қоса, Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында «102» мобильді қосымшасы іске қосылды. Қосымшаның көмегімен тұрғындар полицияға кез келген құқықбұзушылық туралы хабарлама жіберумен қатар, оқиға орнынан тікелей бейнеқонырау арқылы байланысқа шыға алады, — дейді департаменттің баспасөз қызметі.

Әрине, тұрғындар неғұрлым өздерін қауіпсіз сезінсе, неғұрлым қолайлы орта қалыптасатыны анық. Алайда төрт жылдың ішінде SOS батырмасы арқылы полиция бөліміне бірде-бір шақырту түспегені ойға қалдырады. Сондай-ақ тұрғындар дабыл батырмасы мен дауыстық хабарлама жіберетін түймеге балалардың бойы жетпейтіндігін айтып та шағымдануда. «Ертең балаларымыз қауіпті жағдайға душар болып қалып жатса, батырманы қалай басып полиция шақырады?» — деп ішкі қынжылыстарын жеткізуде.

Байыбына бармай жатып, байбалам салудан аулақпыз. Алайда тұрғындардың базынасы орынды. Қазына қаржысына қойылған құрылғылардың халық үшін қызмет етпей, құр сән үшін тұрғаны құптарлық дүние емес. Сондықтан құзырлы сала мамандары құрылғының жұмысын жұртшылыққа жіті түсіндіріп, батырма түймелерін де оңтайлы еткендері абзал. Әйтпесе, бұл миллиондаған қаржының желге ұшқанымен пара-пар.

Қазір шаһардағы 10 батырманың 8-і толығымен жұмыс істеуде. Ал қалған екеуінің аумағында электр желісі жүргізілмегендіктен іске қосылмай тұр.

адам біле бермейді. Одан бөлек, дабыл түймелерінің жеделдігі де аса көңіл көншітпейді. Бұған батырмаларға өзім жүргізіп көрген сынақ тәжірибесі барысында көзім жетті.

Мәселен, түймені басқан сәтте орталыққа қонырау шалынғанымен, дауыс біресе жаңғырып, біресе қарлығып жөнді естілмейді. Содан соң оператор байланысушы

ДАМУ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда Eurasian Resources Group металлургия және тау-кен өндірісін инновациялық дамытуда, IT индустрияны және осы саладағы кәсіби мамандар легін қалыптастыруда жетекші компания саналады. Сонымен қатар аймақтарда ең ірі жұмыс беруші ретінде танымал. Өңірлер мен моноқалалардағы түлектердің 50%-ы ERG-ді әлеуетті жұмыс беруші деп біледі. Ал студенттердің 85%-ы оны жоғары жалақы үшін таңдаса, 52%-ын мансаптық өсу мүмкіндігі қызықтырады.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

САПАЛЫ КАДР – ӨНІМДІ ЕҢБЕК

ERG компаниясы өндірісте IT индустрияны дамыту және инновация мәдениетін қалыптастыру, жас мамандардың кәсіби шығармашылық әлеуетін жетілдіру секілді стратегиялық міндеттеме үдесінен шығу мақсатында колледждермен бірлесе Альянс құрды. Қазір колледждер мен ERG Альянсына 23 колледж бен 3 жоғары оқу орны қосылған. Альянстағы 2 колледжде ERG құзырет орталығы ашылды. Бұл құзырет орталықтары – металлургия және тау-кен өндірісіндегі кәсіби білім беру тәсілін өзгертін жана алаң. Мұндағы инновациялы нысандар теория мен тәжірибені қабыстыра ең соңғы үлгідегі цифрлық технологиялармен жұмыс істеудегі тың серпін десек болады. Мәселен, жақында Хромтау тау-кен жоғары колледжінде ашылған заманауи құзырет орталығы VR-зертханасында және тау-кен машиналары мен кешендерінің зертханасында сегіз мамандық бойынша кадр дайындайды.

Заманауи технологиялардың арқасында студенттер шахталар мен өндірістік алаңдардағы жұмысты модельдей отырып, виртуалды шындықта кәсіби тапсырмаларды орындай алады. Кеңауқымды бағдарламалық тізімі бар VR-көзілдіріктері студенттерге оқу аудиториясынан шықпай-ақ түрлі өндірістік процестерге енуге және кәсіби дағдыларды менгеруге ықпал етеді.

Компания тек 2024 жылдың өзінде колледждерді жабдықтауға 600 млн теңгеден астам қаражат жұмсаса, одан бөлек студенттерге Қытай мен Германияда тағылымдамадан өтуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар былтыр колледждердің 737 түлегін жұмысқа орналастырып, жас мамандарды қолдау бағытында рекорд жасады.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ МҮМКІНДІКТЕРІ

Компания жұмыс орынында цифрлық трансформация жүргізіп, жаңа кәсіптерді барынша қарқынды дамытуды қолға



ӨНДІРІСТЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ



алды. Жасанды интеллект технологиялары саласындағы отандық және халықаралық білім беру бағдарламаларын кадрлық әлеуетті арттыруға пайдалануда да біршама жетістікке жетті. Компания елімізде алғашқылардың бірі болып digital бағытты дамыту үрдісін қалыптастырды.

2023 жылы ERG бизнесті трансформациялау бағдарламасы аясында орнықты дамудың негізгі 5 бағыты бойынша ауқымды қайта құруды бастап, ERG корпоративтік университетін құрды. Бұл еңбек нарығында қауіпсіз еңбек жағдайын жасап, қарапайым жүргізушілер, ұңғылаушылар, кеншілер тау-кен техникаларының операторлары секілді жана мамандар дайындауға және Топ кәсіпорындарындағы 200 процесс пен 50-ге жуық мамандықты цифрландыруға мүмкіндік берді.

2023 жылдың тамыз айында «Шығыс» кенішінде Қазақстанда тұңғыш жүргізушісіз ауыр жүк көліктері іске қосылды. Оларды басқаруға арналған жаңа мамандық – автономды самосвал операторы енгізілді.

<https://www.youtube.com/watch?v=zW9V-5exOVI>

Мәселен, 2008 жылы компанияға қарапайым дәнекерлеуші

Қазір Дархан Ишанқұлов 3 самосвалды басқарып отырса, болашақта бірден 10 көлікті басқаратын мүмкіндігі бар.

– Роботтандырылған техника кешенін бар болғаны екі маман басқарады. Жүргізуші-оператор үш машинаның қозғалыс жылдамдығы мен бағытын қадағалап, қауіпсіз ма-

қазірдің өзінде 2 миллион тоннадан астам жүк тасымалдап, 17 мың рейс орындаған, бұл – 68 мың шақырым жол. Бұл жоба аясында 2027 жылға дейін шикізат көлемін 115 миллион тоннаға дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

ERG-дің негізгі цифрлық жобалары қатарында Qollab және MES



неврлерді қамтамасыз етеді. Ал сервис инженері техниканың жұмысын бақылап, маршруттарды түзеп, жүк тиеу және түсіру алаңдарын жаңартып отырады. Жүргізушісіз жүк көліктері

жүйелерін атуға болады. MES – өндірісті басқарудың интеллектуалды жүйесі. Ол өндіріс процестерін нақты уақыт режимінде қадағалап, жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Жүйенің негізгі элементтерінің бірі – MES Alina виртуалды көмекшісі. Ол қызметкерлерге қажетті ақпаратты тез тауып, есептер түзуге септеседі. Ал Qollab – ERG-дің бірыңғай корпоративтік платформасы. Онда қызметкерлерге арналған әлеуметтік желі, жұмыс процестерін басқару құралдары мен жеке кабинеттер біріктірілген. Бүгінде платформаны 60 мыңнан астам қызметкер тұрақты қолданады және бұл жүйе



болып жұмысқа орналасқан Дархан Ишанқұлов 2022 жылы қайта оқып, жаңаша білім алып, жаңа мамандық – «ауыр жүк көлігінің жүргізушісі» мамандығын менгеріп алған.

– 2022 жылға дейін дәнекерлеуші болып жұмыс істеп, кейін өзімді жаңа бағытта сынап көргім келді. Компаниямыздағы қайта даярлау бағдарламасының арқасында жаңа мамандықты игердім. Ауыр техниканың жүргізушісі болып 2023 жылдың соңына дейін жұмыс істедім. Көп ұзамай компания робототехниканың жаңа жобасына үміткерлерді іздей бастады, мен одан әрі өсуді шештім. Байқаудан өтіп, ұшқышсыз автосамосвалдардың операторы мамандығын алдым. Қазір жұмысымызда тамаша нәтиже көрсетіп жатырмыз, – дейді ол.



тиеу-түсіру алаңдары арасында тау-кен массасын үздіксіз тасымалдауда. Бұл шешім өндірісте тиімділікті арттырып, адам факторын азайту арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, – деді ERG Қазақстандағы бас директоры Серік Шахажанов.

Басшының айтуынша, жасанды интеллект негізінде басқарылатын ауыр жүк көліктері

серіктестер мен мердігерлер үшін де қолжетімді.

Eurasian Resources Group жұмысын бастағаннан бергі 30 жыл тарихында бұрынғы өндірістерді дамыту мен жаңа өндірістерді ашуға \$14,6 млрд-тан астам қаржы бағыттай отырып, әлеуметтік инвестициялар көлемін \$1,1 млрд-қа дейін арттырды.

КӨЗАЙЫМ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



ОЛ ЖАЗУ
АРҚЫЛЫ АҚША ТАБАДЫ.
БАСТАПҚЫДА КАЛЛИГРАФИЯҒА ХОББИ
РЕТІНДЕ ҚАРАҒАН АРУЖАН ТӨЛЕПОВА КӨРКЕМ
ЖАЗУ ӨНЕРІН МЕҢГЕРІП, ӘЛЕМДІК БРЕНДТЕРДЕН ДЕ
ҰСЫНЫС АЛЫП ҮЛГЕРГЕН. ЖАЛПЫ, КАЛЛИГРАФИЯ - ҒАСЫРЛАР
БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ӨНЕР ТҮРІ, ОЛ БҮГІНДЕ ТЕК ДАСТҮРЛІ ҚОЛЖАЗБА
РЕТІНДЕ ҒАНА ЕМЕС, ЗАМАНАУИ ДИЗАЙН, КӨРКЕМСУРЕТ ЖӘНЕ ЖАРНАМА
САЛАЛАРЫНДА ДА КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

СҰЛУ

ӨНЕРМЕН СЫРЛАСҚАН

А Көктем ҚАРҚЫН

Аружан Төлепова – IT менеджмент мамандығының магистрі. Дегенмен мектеп кезінен көркем жазу мен эстетикаға құштар қыз карантин кезінде өзіне жана хобби табады. Кейіпкеріміз каллиграфияға алғаш келгенін былай деп еске алды: «2020 жылы бұл өнерді интернет желісінен көріп, қызығушылығым оялды. Instagram арқылы каллиграфия өнерінің бар екенін білдім. Түрлі шетелдік каллиграфтардың жұмыстары шабыт сыйлады. Осылайша, каллиграф ұстаздардан онлайн білім алдым. Алғашында жай ғана жақсы көріп, сұлулығына қызығып, хобби ретінде айналыстым. Жазып отырып уақыттың қалай өткенін байқамай қалатынымын. Басқаша сезім: тыныштық, тіршіліктен дем алу. Кейін картина, ашықхат, логотипке тапсырыстар түсе бастады».

Иә, каллиграфияның пайда болуы жазудың қалыптасуымен

уақыты әркімде әртүрлі. Мысалы, менің 5 жылдық тәжірибем болса да, әлі де өнердің шыңындамын, болдым-толдым деп айта алмаймын. Уақыт өткен сайын, тәжірибе көбейген сайын жазу әдемі бола береді. Бір бастаған соң тоқтамайсың. Себебі бұл өнердің шегі жоқ, – дейді Аружан.

СТИВ ДЖОБСТЫҢ ӨЗІ КАЛЛИГРАФИЯМЕН АЙНАЛЫСҚАН

Қазір каллиграфия тек дәстүрлі жазу әдісі ретінде ғана емес, цифрлық технологиялармен тығыз байланыста дамып келеді. Компьютерлік бағдарламалар, графикалық планшеттер және шрифт



басып оза алмайды.

– Басында хобби ретінде басталды. Бірақ қазір түрлі брендтерге серіктес болып, ашықхат, картина, логотип жазып табыс тауып жүрмін. Бірақ каллиграфия үйренудегі мақсат табысқа айналдыру болмау қажет. Ақша табу – өз сүйікті ісіңмен айналысқан соң саған берілетін қосымша бонус секілді болуы керек. Ниет табыс болатын болса, үйрену қиынға соғады және табысқа шығамын деген ниет көпке апармайды. Ең бірінші, хобби ретінде жақсы көріп айналысу қажет, – дейді каллиграф.

КАЛЛИГРАФИЯНЫ МЕКТЕПТЕ ОҚИТУ КЕРЕК

Қазір мектеп оқушыларының жазуы нашар деп жиі шағымданамыз ғой. Себебі балалар гаджеттерді көп пайдаланады. Компьютер, планшет және смартфондарда теру қолмен жазудан әлдеқайда жылдам және ыңғайлы. Осының салдарынан оқушылар қолмен аз жазады, бұл жазу үлгісінің нашарлауына әкелуде. Жапония, Қытай, Италия, Польша сынды елдерде каллиграфия негізгі пән ретінде оқытылса, Батыс елдерінде факультативті курс немесе арнайы үйірме ретінде ұсынылады.



дизайны каллиграфия өнеріне жаңа мүмкіндіктер ашты. Аружан Төлепованың айтуынша, каллиграфия өнері ешқашан өлмейді. Ол жаңа заманға да қажет. Қазір сіз смартфонда, компьютерде пайдаланып отырған шрифтер сол қолмен жазылған каллиграфияны цифрландыру арқылы алынған. Яғни, компьютерге қолдан жазылған жазу цифрландырып арнайы IT-мамандардың көмегімен енгізілген. Компьютерден шыққан дайын шрифт ешқашан қол еңбегін алмастыра алмайды және құндылығын бере алмайды. Әлемге әйгілі Apple компаниясының негізін қалаушы Стив Джобстың өзі каллиграфиямен айналысқан. Ең алғашқы MAC жүйесін ойлап тауып, компьютер жасап шығарғанда өзінің қолмен үйренген каллиграфия шрифті компьютерге енгізілген. Демек, каллиграфияны ешқандай жаңа заман құрылғысы

тікелей байланысты. Сұлу өнер нақты бір уақытта емес, әртүрлі өркениеттерде жазу мәдениетімен қатар дамыған. Бірақ оны ерекше өнер ретінде қабылдау Қытай, Араб, Еуропа және Жапония мәдениеттерінде кең таралды.

– Каллиграфияны ниеті бар кез келген жан үйрене алады. Маңыздысы – шынайы қызығушылық пен еңбек және тәжірибе. Жазуыңыз нашар болса да, суретке қабілетіңіз болмаса да, мүлде жазу-сызу өнерінен алшақ адам болсаңыз да үйреніп кетуіңіз мүмкін. Каллиграфияны үйрену жас талғамайды. Маңыздысы – дұрыс ұстаз табу және өзіңнің бар ықыласыңды салып, беріліп жасау. Үйрену

бекқорлық, сабырлық, табандылық, ми жұмысы, жан тыныштығы, шыдамдылық, сонымен қатар сұлулыққа, тазалыққа үйретеді. Каллиграфия кімге не жетіспейді соны бере алады. Тіпті мынадай нақыл сөз бар: «Каллиграфия – кедейге байлық, байға – билік, биге әдемілік береді», – дейді Аружан Төлепова.

Каллиграфия – көркем жазу өнері ғана емес, сонымен қатар брендингте, жарнамада және визуалды коммуникацияда маңызды рөл атқаратын құрал. Әлемдік брендтер оны логотип дизайнында, жарнамалық материалдарда және ерекше визуалды стиль қалыптастыру үшін пайдаланады.

– Әлемдік брендтермен жұмыс ойламаған жерден, күтпеген ұсыныс болды. Instagram-да менің жұмыстарымды байқаған «Французский дом», BMW, Fashion Bureau секілді брендтер желісі маған өз ұсыныстарын жасаған болатын. Ол жақта мен бірнеше күнге немесе бірнеше сағатқа ашықхат толтыруға келісімге отырамыз. Ол болатын іс-шараға, мерекелік күндерге байланысты. Еңбекақымды да соған сай жоғары бағалайды. Брендтермен жұмыс істеу көп табыс және ерекше тәжірибе берді. Әсіресе, шетелдік брендтер каллиграфияның, қолмен жазылған хаттардың құндылығын жақсы біледі, – дейді каллиграф.

Coca-Cola, Disney, Nike, Adidas, Starbucks сынды көптеген танымал брендтердің логотиптері каллиграфиялық элементтермен жасалған, өйткені бұл стиль брендке ерекше бедел мен танымалдық береді. Әдемі жазулар эмоция тудырады, брендке сенімділік береді және тұтынушылардың назарын аударады. Сондықтан каллиграфия – маркетинг пен дизайндегі маңызды құрал.

– Каллиграфия – біздің елімізде қатты дамымаған, енді ғана дамып

Каллиграфия ми жұмысының жақсаруына, табандылық, сабырлық қасиеттерінің дамуына, зейінді арттыруға көмектеседі. Каллиграфия тек жазудың әдемі болуымен шектелмейді. Сіз болашақта қай саланың маманы болсаңыз да сізге қажет түрлі қасиеттерді бере алады.



– Жазу мидың жұмысына тікелей қатысты. Сондықтан каллиграфияны мектеп пәні ретінде оқу бағдарламасына қосу жай ғана қажеттілік емес, міндетті деп есептеймін. Каллиграфия ми жұмысының жақсаруына, табандылық, сабырлық қасиеттерінің дамуына, зейінді арттыруға көмектеседі. Каллиграфия тек жазудың әдемі болуымен шектелмейді. Сіз болашақта қай саланың маманы болсаңыз да сізге қажет түрлі қасиеттерді бере алады.

Тіпті, дамыған Қытай, Жапония елдерінде каллиграфия арнайы пән ретінде оқытылып, кейбір үлкен компаниялар қызметкерлеріне жұмыс арасында арнайы каллиграфия сағатын қойған. Себебі каллиграфия адам бойында жетістікке жетелейтін қасиеттерді оятып, ең-

өркендеп келе жатқан сала. Бірі білсе, бірі білмей «бұл не?» деп таңғалып жатады. Бірақ болашақта Жапония, Түркия секілді мәдениет саласында каллиграфия өнері жоғары дамыған елге айналамыз деп сенемін, – дейді Аружан Төлепова.

Каллиграф қыздың алға қойған мақсаттары да айқын екен. «Шәкірт тәрбиелеу ойда бар. Қазірдің өзінде офлайн мастер-класстар өткізіп тұрамын. Сұлу өнердің дамуы мен адамдарға каллиграфияны үйрету маған үлкен қуаныш сыйлайды», – дейді кейіпкеріміз.

Аружан сияқты каллиграфтар бар кезде әдемі жазуға деген қызығушылық ешқашан жоғалмайды, өйткені ол тек қаріп емес, нағыз өнердің көрінісі.

КӨКЕЙКЕСТІ

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

ШЫМКЕНТТЕГІ ҚАСАҢ СЕҢ БҰЗЫЛДЫ

Шымкент қаласы әкімдігінің ресми өкілдігі болып бекітілген Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек әр аптаның сәрсенбісі БАҚ өкілдеріне қаладағы атқарылған жұмыстар төңірегінде нақты ақпарат беріп, кейбір ел ішінде қоғамдық пікір қайшылықтарын туғызып жүрген мәселелерге нүкте қойып келеді. Біз қоғамда қызу пікірлерге ұласқан бірқатар мәселеге тоқталып өтсек.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

74 МЕКТЕПТЕ БІЛІМ САПАСЫ ТӨМЕН

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әділетті Қазақстан құруды үнемі айтып келеді. Ол былтыр Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда «Барлық салада әділдік болса, әлеуметтік теңдік орнайды, татулық пен келісім нығая түседі» деген болатын. Президент айтты, Үкімет тапсырма берді, біз солдат сияқтымыз, оны бұлжытпай жүзеге асырып келеміз», — деп кезекті брифингте атап өткен Сәрсен Абайұлы Шымкент қаласының білім саласына қатысты тексерудің қортындысын айтты.

«2023 жылғы оқу процестері бойынша Оқу-ағарту министрлігі жүргізген мониторингте анық болғанындай, Шымкент қаласының білім сапасы еліміздегі 20 өңірдің 20-сыншы қатарында тұр. Сонымен бірге 150 мектептің 74-інде білім сапасы төмен деп танылған, ал 70 мектептің 52-сі аттестациядан өте алмады. Одан бөлек, тексеру нәтижесінде анықталғанындай, қаладағы 6 мектептің лицензиясы жоқ, 11 мектепте атқарып жатқан қызметіне сай емес 18 мұғалім жұмыс істеп жүр.

Ал мұғалімдердің біліктілігіне қатысты мәселелерге тоқталсақ, 20 мұғалім біліктілік арттыру курсынан өтпеген, 130 мұғалімнің 55-і өрлеу орталығындағы тесттен өте алмаған. «Мектептегі білім сапасын арттыруда директордың рөлі аса маңызды. Біз 40 мектепті тексеру барысында 8 директордың жұмысында елеулі кемшіліктер барын анықтадық. Кейбір мектептерде мұғалімдердің біліктілік курсына қатыспауына көз жұма қарау және білім сапасына қатысты жасанды көтеру фактілері болған. Сондықтан оларға тиісті шара қолданылды. Аттестациядан өте алмай қалғандардың арасында 20-30 жылдық еңбек өтілі бар педагогтер бар. Осыдан кейін олардың арасында келіспеушіліктер туындауы, билікке қарсылық болуы заңдылық. Біз ешкімді орынсыз қудалап немесе негізсіз қызметінен босатқан жоқпыз. Барлық шешім тексеру нәтижесіне және объективті деректерге сүйене отырып қабыл-

данды», — дейді қала әкімдігінің ресми өкілі.

ХАНБИБИ ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ НЕГЕ ШЫРЫЛДАДЫ?

Айта кетейік, Қазақстанға еңбегі сіңген қызметкер, ақын-жазушы Ханбиби Есенқарақызы өзінің жеке парақшасына қала әкімі Ғабит Сыздықбековке бағыттап, «Сәрсеннің сәтсіз істері» тақырыбымен кезінде ақын апамыздың өзі басқарған облыстық қуғын-сүргін музейінің қазіргі ахуалына алаңдап, музейлердің бірігіп кеткеніне қарсылық білдіріп, мәлімдеме жасады. Ханбиби

шені, Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі (оның құрамындағы «Ерлік» музейі), «Хакім Абай» музейі (кітапхананың құрамында болған) және Сайрамдағы музей (Шымқала кешені құрамында болған). Алайда бұл музейлердің ұйымдастырушылық-құқықтық мәртебелері әртүрлі болғандықтан, олардың қаржылық қызметінде қиындықтар туындаған. Мысалы, «Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі» коммуналдық қазыналық кәсіпорын ретінде қосымша табыс табуға мүмкіндігі бар болғанына қарамастан, бұл музей жылына бар болғаны 3 миллион теңге қосымша қаржы тапқан. «Шымқала» тарихи-мәдени кешеніне туристер жиі барады. Бірақ коммуналдық мемлекеттік мекеме мәртебесіне ие болғандықтан, мекеме өздігінен табыс таба алмайды. Бұл мәселені шешу мақсатында Шымкент қаласында музейлерді бір орталыққа біріктіру жұмыстары жүргізіліп, «Шымкент қалалық музейлер бірлестігі» құрылған. Бес музей біріктірілген мемлекеттік ком-



лымды сахналағанына наразылығын білдіріп, мұндай кемшіліктер басшылықтың өз еркімен жұмыстан кетуіне түрткі болғанын жасырмады. Сонымен бірге Жұмат Шанин атындағы театрда бірнеше жыл бойы бірде-бір қойылымға қатыспаған, тіпті олардың Алматы, Астана қалаларында тұратын актерлер бар екені анықталған.

ФУТБОЛ ОЙЫНШЫСЫ 20 МИЛЛИОН ТЕНГЕ ЖАЛАҚЫ АЛАДЫ

Шымкенттегі тағы бір шулы мәселе, «Ордабасы» футбол клубының ойыншыларын ұстауға бюджеттен миллиардтаған теңге

«Біз осы мәселені зерделеп, не үшін жалақыны көбейтіп жазғанын анықтап беру үшін құзыретті органдарға шағымдандық. Заң аясында оның жауабын алармыз. Ол келісімшарт 2024 жылдың соңына дейін жасалса мейлі ғой, 2025 жылдың соңына дейін түзілген. Бұл УЕФА-ның тарапынан қорғалатын келісімшарт болғандықтан оны бұзуға болмайды. Қазіргі таңда олар ойнаса да, ойнамаса да сол қаржыны төлеуге мәжбүрміз. Тіпті, ол жігіттердің біреуі мүлдем алаңға шықпайды. Бұл мәселені ойыншылардың өздерінің арының, намысының ісіне қалдырған жөн. Мұнда футболшылар жақсылап ойнауы керек, алып жатқан қаржысын ақтауға тиіс, не болмаса басқа бір шешім қабылдауы керек. Әрине, ерік өздерінде», — деді қала әкімінің орынбасары журналистерге берген сұхбатында.

Алысқа бармай-ақ, 3 жыл қатарынан Шымкентте 12-17 миллион теңге төңірегінде жалақы алып келген бір футболшы қазір көрші облыстың футбол командасында ойнап, 1-2 миллион теңге алып жүр. Ал Шымкенттіктер 3 ойыншыға айына 60 миллион теңге төлеп отыр. Сәрсен Абайұлы қоғамда пікір туғызған осы мәселе жөнінде де нақты деректерді атап өтті.

СУ АРНАСЫ МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Шымкентте біршама уақыттан бері «Су ресурстары Маркетинг» ЖШС-ны мемлекет меншігіне қайтару бойынша тыңдалымдар мен талқылаулар өтіп келе жатқан болатын. Аталған мекемеге қатысты ел ішіндегі шағымдардың көп екені жиі айтылады. Қала әкімдігі бұл стратегиялық нысанды коммуналдық меншікке қайтару арқылы қызмет сапасын жақсарту және тарифтерді төмендетуді мақсат етуде. Сонымен, Шымкент әкімдігі жуырда көптен күткен нәтижеге қол жеткізді. Қала әкімдігінің ресми өкілі Сәрсен Құранбек БАҚ өкілдерін жинап, «Су ресурстары Маркетинг» ЖШС-ның мемлекетке қайтарылғаны бойынша сүйінші жаңалықты жеткізді.

Айтса айтқандай, Шымкентте едәуір өзгерістер болып жатыр. Осы қарқынмен жұмыс жүре берсе, әлі де бірқатар былықтың беті ашылатын сынайлы.



апамыздың бұл жазбасы ел ішінде едәуір қызу талқыға түсті. Дәл осы күні Сәрсен Абайұлы бұқаралық ақпарат құралдарына брифинг өткізіп, мәселені түсіндірді.

«Елімізге белгілі Ханбиби Есенқарақызының жеке басына құрметім ерекше. Ақын апамыз музейлерді біріктіргенімізге және Шәмші Қалдаяқов атындағы филармония бола тұра Шымкент концерт бірлестігін құрғанымызға өзінің наразы пікірін білдіріпті. Әркімнің жеке пікіріне құрметпен қараймыз. Дегенмен жұмысты үйлестіру, тиімділігін арттыру үшін Шымкент қаласының мәдениет саласындағы қасаң сенді бұзып, біршама өзгерістер енгізгенімізді жасырмаймын», — деп атап өтті брифингте қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек.

Жалпы, Шымкент қаласында бес музей қызмет атқарады. «Шымқала» тарихи-мәдени ке-

муналдық қазыналық кәсіпорны енді музейлердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, олардың тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік береді деп күтілуде.

Ал Шәмші Қалдаяқов атындағы филармония Түркістан облысына қарасты мекеме болғандықтан, ол Шымкент қаласына тиесілі емес. Сондықтан қала билігі «Шымкент концерт» құрылымын құрған. «Шымкент концерт» — бұл қаладағы филармония қызметін атқаратын концерттік бірлестік болмақ. «Бұрын бұл мекеме Шымкент қалалық мәдениет үйі болған. Алайда мәдениет үйлері аудандарға тән, ал мегаполиске концерттік бірлестік қажет», — деп атап өткен Сәрсен Абайұлы қоғамда Жұмат Шанин атындағы академиялық қазақ драма театрына қатысты айтылып жатқан сынға жауап берді. Аталған театрдың жыл бойы баржоғы 2 премьералар мен 28 қойы-

каржы бөлінетіні. Ойыншылардың орташа жалақысы 15 миллион теңге төңірегінде екен. Бұл туралы қала басшысы Ғабит Әбдімәжитұлы «батпаққа батып қалған» футбол командасын қабылдап алдық деп атап өтті. Себебі 2023 жылы Ғабит Әбдімәжитұлы қалаға әкім болып келгенде «Ордабасы» футбол командасының 2018 жылы бері жинақталған қарызы 2,5 млрд-қа жуық болған. Қала әкімінің пәрменімен оған қосымша құн салығымен бірге аталған қарыз толық жабылған. Тіпті, «Отау групп» компаниясының демеушілігімен 1 миллиард теңге тағы берілген. Соған қарамастан, сол кездегі клуб Президенті команданы тағы да 2 млрд-тық қарыз болуға мәжбүр еткен. Себебі ол кісі директорлар кеңесі, басқарушы орган ешқайсысымен келіспей бірнеше футболшыға артығымен төленетін келісімшарт жасасқан.

АЙҚЫНДАМА

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



АТА-БАБА ЕРЛІГІ – ЖҮРЕГІМІЗДЕ

Соғыс қаһармандарының есімін тек сарғайған суреттерде, солдаттық кітапшаларда, награда құжаттарында, соғыс жылдарының газет мақалаларында, бұйрықтардан алынған үзінділерде, майданнан келген хаттарда ғана емес, сонымен қатар жүрегімізде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткіземіз.

Қызыл Армия қатарында, кейіннен Кеңес Армиясында соғысқан барлық жауынгерді, олардың медальдары мен ордендеріне қарамастан нағыз қаһарман деп санауға болады. Ұлы Отан соғысы туралы ардагерлердің нақты, айшықталмаған әңгімелері бізге шындықты жеткізеді, ол көбіне кинодағы көріністерден әлдеқайда өзгеше. Бұл ерліктер мен қанды шайқастар туралы әңгімелер, миллиондаған құрбандар мен күн сайынғы ерліктер бізге соғысқа қатысқан ата-аналарымыз бен ата-бабаларымыздың балаларынан, немерелерінен жетті.


Атам Ержан Жақсылықов 1917 жылы дүниеге келген. 1942 жылы шілде айында Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауылдық әскери комиссариатынан Қызыл Армия қатарына шақырылды. 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысының соңына дейін, яғни 1945 жылдың мамыр айына дейін

миномет ротасының взвод командирі болып қызмет атқарды. Ержан ата Оңтүстік, Закавказье, Балтық маңы, үшінші Беларусь фронттарында жауды талқандап, соғысты аяқтады. Оның взвод шығыстағы Пруссия жерінде болған майданда ерлікпен шайқасты. Гвардия кіші лейтенанты Ержан Жақсылықовтың миномет взводы жиі дәл нысанаға атқылап, жаудың күшін, техникасын және бекіністерін жойып отырды.

Ұлы Отан соғысы туралы Ержан ата мектептегі тарих сабағы мен сыныптан тыс сабақтарда айтатын. Ол ешқашан ерлігін мақтан етпейтін, керісінше басқа бөлімшелер мен командирлердің ерлігін айтып, оларға көбірек назар аударатын. Бірақ соғыстағы өзінің қатысуы туралы айтқан әрбір сөз, әрбір ұрыстағы тәжірибесі біздің отбасымыздың әрі ұрпақтарымыздың жадында мәңгі қалады.

Ержан ата жасаған бір ерлік – Кенигсберг қаласының түбінде жаудың қорғанысын бұзу операциясы. Германияның бас штабы Кенигсбергті алынбайтын бекініс деп санаған. Қаланың барлық көшелері мен үйлері мықты бекініс болып, оқ ататын нүктелермен қорғалған екен. Жиңішке өрілген сымдары, миналы алаңдар, траншеялар және фаустпатроншылар мен жауынгерлер қаптап жүрген қаланы айналып өту өте қиын еді.

Ержан ата былай деген еді: «Жорық басталар алдында, 1945 жылдың 6 сәуірі таң алдында, артиллерия дайындықтары басталды. Сигналды зеңбірекке дейін тыныштық сақталды. Тіпті, жан-жануарлар мен құстар да осы бір түнде жок болып кеткендей болды. Қоршаған орман мен даладағы ағаштар туманға оранған күйде тұрды. Әлі де болсын аман, зақымданбаған, соғысқа дейінгі қалыпта еді. Ал соғыс басталған соң бәрі өзгерді. Орман мен дала



түтінге батып, ағаштар мен бұталар сынып, күйді. Бетон қорғаныстар, траншеялар, терең шұңқырлар мен снарядтардың жарылған жерлері қалды. Барлығы жан-жаққа қираған, өртенген және қираған болатын. Бірақ бізге «алға жылжи отырып, мақсатымызға жету керек!» деген міндет қойылды.

Ержан атаның басқаруындағы миномет взводы Кенигсберг қаласының шетінде жаудың 50 адамдық взводын, олардың командирлерін жойып, жаудың бақылау пунктін, үш пулемет ұясын дәл атқылап бұзды. Бұл жағдайда Ке-

нес Армиясының жаяу әскерлерінің шабуылдаушы бөлімшелеріне маңызды қолдау көрсетіліп, қала қорғанысы толықтай жойылып, Кенигсберг қаласы азат етілді. Ержан ата осы ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Бұл награда туралы ұсынысты 1945 жылдың 11 сәуірінде 91-ші гвардиялық атқыштар полкінің командирі, гвардия полковнигі Богданов қол қойған. Ал 12 сәуірде 1945 жылы Ержан атамды «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттау туралы бұйрық шықты.

Соғыстан кейін Ержан ата бар өмірін мектеп директорлығына арнады, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім берді. Ол 1975 жылы өмірден озды, мен дүниеге келмей тұрып үш жыл бұрын қайтыс болды. Біз әрқашан атамды еске алып, ұрпақтан ұрпаққа оның ерлігін ұлықтайтын боламыз.

Жеңіс күнін әкелген барша соғыс ардагерлеріне алғысымызды білдіреміз, өйткені олар Отанымызды қорғап, жаңа ұрпаққа тәуелсіз Қазақстанда еркін өмір сүруге мүмкіндік берді.

А.ОРДАБАЕВ,

Маңғыстау көлік прокуроры,
аға әділет кеңесшісі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағы негізінде Университеттің «Мағжан» қалашығындағы №6/4; №9/3; №2/6; №7/6; №8/2 және №2/2; №3/6; №10/2 пәтерлеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрауымыз:

1. Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі және электрондық шот-фактура);
3. Құрылыс мердігерінің заң талаптарына сәйкес тиісті құжаттарды растайтын анықтамасы;
4. Құрылыс мердігерінің жұмыстардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Құрылыс мердігері ҚҚС төлеуші болса орындалатын жұмыстар бойынша

ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.

6. Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;

7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізу шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 99044008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 14.04.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық үшін» №3 оқу ғимаратының жерөлесінен ату тирі мен қару-жарақ бөлмесін жасауды сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар Университет Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

а) Қаржылық және экономикалық қабілеттіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1. әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
2. әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
3. әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
- 3.1) Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:
- 3.2) әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құжаттарды растайтын анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;
4. әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда:

- 4.1) соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі өкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);
5. әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;
6. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыста-

рын орындау саласындағы өкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

9. әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттары;

10. өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары;

11. құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсыну қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

Конкурсқа қатысушылардың Түркістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе жұмыстарды орындауға қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемесімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

ДОДА

5 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Таяуда Сербияда әйелдер арасында бокстан әлем чемпионаты өткен еді. Қаракөз қыздарымыз мыңнан оза шауып, мерейімізді үстем қылды. Алтыннан алқа таққан алтын қыздарымыздың бірі Алуа Балқыбекова болды. Бокстағы мансап жолында ол талай сынақтан сүрінбей өтіп, ақыры өз дегеніне жетті. Әлем чемпионатының бүкіл медалін еншілеген Алуамен мансабы, алдағы мақсаттары жөнінде сұхбат құрған едік.

— Әлем чемпионы атану — әр спортшының арманы. Чемпиондық жекпе-жектен кейінгі алғашқы сезімдеріңіз қандай болды? Сезіліп жатыр ма?

— Шыны керек, сол сәттегі алғашқы сезім — қуаныш пен шүкіршілік. Жүректің тереңінен шыққан ризашылық еді. Бұған дейін де әлем чемпионаттарында бақ сынап, күміс пен қоламен шектеліп жүрген кездерім болды. Жеңіске бір қадам қалған сайын сүрініп, көз алдымадағы алтынды қолдан беріп қойғандай күй кешетінмін. Сол бір сәттерде өз-өзіне деген сенім сәл шайқалғанымен, арман мен үміт еш өшкен жоқ.

— Міне, биыл сол арманға жеттім. Бұл — жай ғана жеке жетістік емес, қаншама уақыт бойы төгілген тер мен табандылықтың, маған сенген елдің үмітінің жеңісі деп білемін. Сол алтын медаль — мен үшін еңбектің өтеуі, мандай тердің жемісі. Шетелде чемпион атанғанды бірден сезе қоймайсың. Бәрі өз қалпында, ештеңе өзгермегендей. Ал елге оралған сәттегі жылы қарсы алу, халықтың ықыласы, «чемпионымыз!» деп құшақ жайған адамдарды көргенде барып, жүрекке әлдебір шынайы сезім ұялайды. Сол кезде ғана «иә, мен шынымен әлем чемпионы болдым» деген ой санама жетті.

— Дегенмен бұл қуаныш та мәңгілік емес. Бір-екі апта шаттыққа бөленесің, сосын бәрі бұрынғы арнасына түседі. Өйткені спортта бір сәтке босансу — кейін үлкен өкінішке апаруы мүмкін. Сондықтан бұл жетістікке тоқмейілуге болмайды. Алда бұдан да маңызды жарыстар, күрделі белестер күтіп тұр. Сол үшін еңбек еш тоқтамайды.

— Боксты таңдауыңызға не себеп болды? Осы спортқа келуіңізге кімнің ықпалы көп?

— Менің спорттағы жолым кикбоксингтен басталған еді. Сол кезде мені алғаш баптап, спортқа деген сүйіспеншілігімді оятқан жан — Мейербек Ченгельбаев ағай болатын. 2009-жылдары кикбоксингтің қыр-сырын меңгеріп, біраз жарыстарда бақ сынап жүрдім. Сол бір жарыстардың бірінде тағдырымның



Алуа БАЛҚЫБЕКОВА, БОКСШЫ:

ЖЕТІСТІККЕ ТОҚМЕЙІЛСУГЕ БОЛМАЙДЫ

бағыты өзгерді десем, артық айтқаным емес. Жарыстан соң бізге бокстан Тараз қаласының әйелдер құрамасын жаттықтырып жүрген Еркем Алғабек бапкер келіп: «Боксқа бет бұрып көріңдер. Бұл спортта мүмкіндіктер көбірек, болашағы зор» деп ақылын айтқаны есімде.

— Содан 2011 жылы алғаш рет бокстан Қазақстан чемпионатына қатысып, сол турнирде жеңіске жеттім. Бұл мен үшін тек бір жарыстың жеңісі емес, бокстағы алғашқы қадамымның сәтті басталғанының белгісі еді.

— Чемпиондыққа апарған дайындық процесіңіз туралы айтып берсеңіз. Қанша уақыт бойы жаттықтыңыз?

— Шын мәнінде, чемпиондыққа апаратын жол бір күнде, не бір айда жүріп өтілетін соқпақ емес. Бұл — ұзақ жылғы еңбектің, жеңілістен кейінгі қайсарлықтың, талай тер мен төзімділіктің жемісі. Өздеріңіз білетіндей, мен бұған дейін де әлем чемпионаттарында бақ сынап, күміс пен қола медаль алған болатынмын. Бірақ жеңіске бір қадам қалғанда сүріну — жанға қатты батады. Десе де, дәл сол сәттер мені шындай түсті.

ғыда жаңа деңгейге көтерілу үшін барымды салдым.

— Қазіргі бапкеріңіз қатал емес пе? Бапкеріңізбен бірге ойластырған қандай әдіс-тәсілдер бар?

— Жок, қазіргі бапкерім қатал емес. Долқунжан Камеков ағайымызды мен тек мықты маман ғана емес, сонымен қатар психологияны жетік меңгерген, салмақты ұстаз деп есептеймін. Ол кісі қандай жағдай болмасын асығыстыққа салынбай, әрбір шешімді сабырмен, терең оймен қабылдайды. Мұндай бапкермен жұмыс істеу — нағыз бақыт. Қазір біз дайындық барысында тек күш салып, тер төгумен шектелмейміз. Техникалық, тактикалық жағынан да үнемі ізденісте жүрміз. Сонымен қатар физикалық төзімділікті арттыруға, шабуыл мен қорғаныстағы жылдам шешім қабылдауға ерекше көңіл бөлініп жатыр.

— Әлеуметтік желіде сальто жасағаныңызға көбі сүйсінді. Білуімізше, бұған да көп дайындалдыңыз. Бұл ой қайдан келді?

— Сальто жайлы ой 2022 жылы келді. Жеке бапкерім Долқунжан ағайымызға айтып, үйреніп бастаған едім. Сальто жасау — бала кезден келе жатқан арманым. Кішкентай жасымызда ауылда шөптің үстінде түрлі акробатикалық қимылдарды жасайтынбыз. Сол уақытта сальто секіруді үйрене алмай кеткен болатынмын. 2022 жылы сальто қолға алып дайындалып бас-

Кейіннен Сербияда алтын алып, турнирден соң көп күттірген сальтомды жасадым.

— Көп жағдайда әлем, Азия чемпионы болған боксшылар кәсіпқой боксқа ауысып жатады. Сіздің кәсіпқой боксқа баруға жоспарыңыз бар ма?

— Әзірге кәсіпқой боксқа ауысу нақты жоспарымда жоқ. Дегенмен жақсы әрі сенімді ұсыныстар түсіп жатса кәсіби рингке шығуға дайынмын. Бірақ бұл — үлкен қадам. Себебі кәсіпқой бокстың өзіне тән ерекшеліктері бар, әрі оның кей тұстары қыз-келіншектер үшін оңай дей алмаймын.

— Мәселен, кәсіби боксшы әйелдер көбіне баскиімсіз жұдырықтасады, қолғаптары да әдеттегіден әлдеқайда жұқа болады. Бұл — жаракат алу қаупін арттырып, спортшының денсаулығына әсер ететін факторлар. Осы жағдайлар кезінде мені біраз ойландырды, тіпті бастапқыда кәсіпқой боксқа түбегейлі қарсы да болдым.

— Қазір мен үшін басты назар — алдағы ірі додалар. Ел намысын қорғайтын маңызды жарыстар тұрғанда, кәсіпқой боксты ойлауға әлі ерте сияқты.

— Сүйіп көретін кумиріңіз, спортшыларыңыз бар ма?

— Шынымды айтсам, бір ғана адамды бөліп-жарып, «менің кумирім осы» деп кесіп айту қиын. Өйткені қазіргі қазақ спортшыларының қай-қайсысын алсаңыз да, әрқайсысының жолы бөлек, тағдыры дара, ал жетістігі мақтауға тұрарлық. Әсіресе, бокста жүрген аға-әпкелеріміздің әрқайсысы өз даралығымен ерекшеленеді. Олимпиадада ел намысын қорғап, жүлдеге қол жеткізген спортшыларымызды көргенде, кеудені мақтаныш кернейді. Барлығы дерлік кумир болуға лайықты.

— Бокс мансабын аяқтаған соң қандай іспен айналысқыңыз келеді? Бапкерлік қызметтен көре аламыз ба?

— Бапкерлік қызмет — өте қиын. Қанша дегенмен ең бірінші психологиялық мықтылықты қажет етеді. Шәкірттермен жеке жұмыс істеу, басқа қырларын ашу сынды жұмыстар қажырлы еңбекті талап етеді. Әсіресе, жас спортшылармен жеке жұмыс істеу, олардың тек спорттық емес, адами қырларын да аша білу — кез келгеннің қолынан келе бермейді. Сондықтан бұл жолды жүріп өту үшін тек шебер спортшы болу жеткіліксіз, мықты педагог болу қажет.

— Өзімнің мамандығым — аударма ісі. Сондықтан болашақта спорттан тыс салада, нақтырақ айтсам, іс-қағаздар, халықаралық байланыс, баспасөз салаларында еңбек ету ойымда бар. Бұл бағыттарда да еліміздің спортын дамытуға үлес қоса аламын деп сенемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Әсет ҚАЛИ



2022 жылы мен 48 келі салмақта жұдырықтасып жүрдім. Кейін Париж Олимпиадасына қатысу мақсатында үлкен шешім қабылдап, 52 келіге көтерілдім. Бұл оңай болмады. Өкінішке қарай, лицензиялық турнирде 3:2 есебімен жеңіліп қалдым. Бірақ дәл сол жеңіліс мені жігерлендіріп, тіпті жан дүниемде жаңа бір от тұтанғандай болды. Сол сәттен бастап барлық күшімді жинап, тактикалық, техникалық, физикалық тұр-

тағанымда, бір жарыстан иықтан жарақат алып тоқтатқанмын. Содан осы жылы оқу-жаттығу жиындарында Мұхит Ахметов бапкеріміз өзі сальто жасай алғандықтан маған үйренуге көмектесті. Дұрыс қойылған тәсілдердің арқасында тез үйреніп кеттім. Одан кейін де жаттығулар арасында жасап отыратынмын. Кейде оңбай құлап, мойынға да салмақ түсіп жататын. Турнирлерде чемпион болсам сальто жасаймын деген ой жүрді.



AIQYN

Меншік иесі - «Айқын-Литер» ЖШС

Директор - Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор - Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС - Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ - Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА - Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛТЫНСАЙЛЫ - Алматы облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ - Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН - Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ - Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК - Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА - Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ - Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ - Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін - 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін - 55102
Жеке жазылушылар үшін - 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4576
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,